



...El birligin saқтаған tatýlyqty ait! Jambyl АТАМЕКЕН

JAMBYL AÝDANDYQ QOǴAMDYQ-SAIASI, ÁLEÝMETTIK-EKONOMIKALYQ BASYLYM

Газет 1932 жылдан
бастап шығады

www.atamekengazeti.kz

f Атамекен Газеті

@atameken_press

@atameken1932@bk.ru

№ 43 (6295)
25 қазан,
сенбі, 2025 жыл

ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ – ЕЛ РУХЫН АСҚАҚТАТҚАН КҮН

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді еліміздің ең қастерлі әрі мәртебелі мерекелерінің бірі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

25 қазан – халқымыздың тағдырындағы ерекше күн, бұл – егемен еліміздің тарихи негізі қаланған күн, мемлекеттілігіміздің бастауы, Тәуелсіз Қазақстанның жаңа дәуірге қадам басқан сәті. Республика күні – елдігіміздің айғағы, азаттыққа ұмтылған ұлт рухының символы.

1990 жылдың 25 қазанында қабылданған «Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы» – мемлекетіміздің болашағын айқындаған тарихи шешім болды. Бұл маңызды құжат сол кездегі республиканың саяси, құқықтық және экономикалық дербестігін жариялап, мемлекеттік биліктің жаңа қағидаттарын бекітті. Дәл осы Декларация еліміздің тәуелсіздікке бастар алғашқы нақты қадамы болып, бір жылдан соң, 1991 жылы Қазақстанның Тәуелсіздігін жариялауға жол ашты.

Бұл жол, әрине, жеңіл болған жоқ. Халқымыз талай сындарлы кезеңдерді бастан өткіріп, күрделі экономикалық және әлеуметтік қиындықтарға төтеп берді. Бірақ ел бірлігі мен ынтымағының, халқымыздың төзімділігі мен рухының арқасында Қазақстан еңсесін тіктеп, жаңа мемлекет ретінде қалыптасты. Бұл – барша азаматтардың табандылығы мен елге деген шексіз сүйіспеншілігінің жемісі. Тәуелсіздіктің алғашқы



күндерінен бастап, еліміз айқын мақсаттар қойып, тұрақты даму бағытын ұстанды. Қиындықтарға қарамастан, Қазақстан өзінің даму жолында үлкен жетістіктерге жетті: экономика нығайды, әлеуметтік сала тұрақтанды, халықаралық бедел артты. Бүгінде Қазақстан – бейбітшілікті, татулықты ту еткен, әлемдік деңгейде орны бар, өз ұстанымы бар мемлекетке айналды.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың басшылығымен мемлекетіміздің болашағына жаңа серпін беріліп, ел дамуының жаңа кезеңі басталды. Президенттің бастамасымен ел өмірінің барлық саласында маңызды реформалар жүзеге асуда. Бұл реформалардың барлығы – әділетті қоғам орнатуға, елдің экономикалық әлеуетін арттыруға және халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған.

Осы игі істердің нәтижесінде еліміздің барлық өңірлері сияқты біздің Жамбыл ауданымыз да қарқынды дамып келеді. Соңғы жылдары ауданда әлеуметтік нысандар бой көтеріп, жаңа мектептер мен балабақшалар салынды, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік пен өнеркәсіп саласы тұрақты өсімге ие болды. Жолдар жөнделіп, елді мекендердің келбеті жаңарды. Бұл – біздің бірлескен еңбегіміздің, елге деген жанашырлығымыздың нәтижесі.

Ауданымыздағы әр тұрғынының еңбегі – аудан дамуының негізгі күші. Сіздердің күнделікті еңбектеріңіз, қоғам өміріне белсенді араласуларыңыз, туған жерге деген сүйіспеншіліктеріңіз – біздің ортақ жетістігіміздің кепілі.

Бүгінгі Республика күні – бұл тек тарихи мереке ғана емес, сонымен қатар болашаққа деген сенімімізді нығайтатын, әр азаматты ел игілігі жолында еңбек етуге жігерлендіретін күн.

Қадірлі жерлестер!

Баршаңызға зор денсаулық, мол бақыт, отбасыларыңызға ырыс пен береке тілеймін! Елімізде бейбітшілік пен татулық салтанат құрсын, әр шаңырақ шаттыққа толы болсын! Туған ауданымыз көркейіп, ел дамуына қосқан үлесіміз артта берсін.

Қазақстанымыздың көк байрағы биікте желбіреп, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

Нұрлан ЕРТАС,
Жамбыл ауданының әкімі.

БАСПАСӨЗ – 2026

Құрметті аудан тұрғындары!
Аудан өмірінің апталық тынысынан жан-жақты хабардар ететін Жамбыл аудандық «Атамекен» газетіне 2026 жылға жазылу науқаны басталды.

АТАМЕКЕН

– бүгінгі жаршымыз,
ертенгі тарихымыз

Атамекен – біздің түп қазығымыз,
Атамекен – рухани азығымыз.
Тіршілігін ауданның білем десең,
Басылымға тартынбай жазылыңыз!



Жеке адамдар үшін «ҚАЗПОЧТА»
АҚ тасымалдау қызметін қоса
есептегенде

Бір жылға жазылу құны – 7910,72
теңге, жарты жылға – 3955,36
теңге (Индекс 65264.)

Ал зейнеткерлер мен мүгедектер
үшін 12 айға жазылу құны –
7410,72 теңгені құрайды.
Жарты жылға – 3705,36
(Индекс 35264)

Газеттің электронды нұсқасына
12 айға жазылу бағасы –
5500 теңге.

Сіз оны ағетте оқырмандардан
бұрын ұялы телефоныңыз немесе
компьютеріңіз арқылы сол
заматта алып, оқу мүмкіндігіне
ие боласыз.

Біздің мекенжайымыз: 040600,
Ұзынағаш ауылы, Мақатаев
көшесі, 164 «А» үй.

Телефондар: 2–44–28, 2–44–27.
Толығырақ мәлімет алу үшін мына
телефонға хабарласыңыз:
8–708–673–93–64, 8–705–666–38–08

Жарқыра, жас тұлға!

біздің басылым сен
туралы жазсын

«Атамекен» газеті
«Жастар дауысы» жаңа
жобасын бастайды.
Жобаның мақсаты өз
өңіріміздегі белсенді,
шығармашыл, ізденімпаз
және қоғамға пайдасын
тигізіп жүрген жастарды
көпшілікке таныстыру.
Егер сіздің айналаңызда
осындай талантты,
еңбекқор немесе өзгелерге
үлгі боларлық жас тұлғалар
болса, бізге хабарласыңыз!
Біз сол жастардың
жетістіктерін газет
бетінде жариялап, елге
танытқымыз келеді.
Еліміздің болашағын
жасайтын жастарды бірге
дәріптейік!



Жаңа нысан – ауыл руханиятының жаңа тынысы



23 қазан күні Мәтібұлақ округінде көптен күткен қуанышты оқиға – жаңа ауылдық мәдениет үйінің ашылу салтанаты өтті. Республика күні қарсаңында ұйымдастырылған бұл шара ауыл тұрғындары үшін үлкен сый мен тарихи сәт болды.

Салтанатты рәсім жоғары деңгейде өтті. Әсем әуендер шырқалып, жиналған көпшілік ауыл өміріндегі айтулы оқиғаның куәсі болды. Шараның шымылдығы жүргізушілердің әсерлі жыр жолдарымен ашылып, халыққа көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Алғашқы құттықтау сөз Жамбыл ауданының әкімі Нұрлан Ертасұлына берілді. Аудан басшысы өз сөзінде ел экономикасымен қатар ауыл мәдениетінің де дамып келе жатқанын, жаңа мәдениет үйінің ауыл тұрғындары үшін рухани жаңғыру орталығына айналатынын атап өтіп, мәдениет саласын дамытуға атсалысқан азаматтарға алғысын білдірді.

Сондай-ақ жиында «Жартас» ЖШС-нің бас директоры Марат Мырзағалиұлы, ауданның құрметті азаматы Мұрат Болатұлы және нысан

Күй мен көңілдің иесі

Жуырда аудандық мәдениет үйінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, белгілі композитор, Қазақстан Композиторлар Одағының және Қазақстан авторлар қоғамының Құрметті төрайымы Балнұр Балғабекқызы Қыдырбектің 70 жылдық мерейтойына арналған салтанатты кеш өтті.

Шараның шымылдығын ашқан аудан әкімінің орынбасары Әділбек Қамбарұлы мерейтой иесін құттықтап, композитордың қазақ өнері мен мәдениетінің дамуына қосқан елеулі үлесін атап өтті. Ол өз сөзінде:

– «Балнұр Балғабекқызының шығармалары ұлттық музыканың биік белесін айқындап, жас ұрпақтың рухани қазынасына айналды. Оның күйлері мен симфониялық туындылары халқымыздың болмысын, ананың мейірімін, даланың кендігін сезіндіреді», – деді.



Келесі кезекте сөз сөйлеген Балнұр Қыдырбек өз жерлестеріне, ұйымдастырушылар мен әріптестеріне алғысын білдіріп, туған жердің жылы ықыласы мен құрметі – шығармашылыққа шабыт беретінін тілге тиек етті.

Кеш барысында театрландырылған көрініс қойылып, композитордың өмір жолы мен шығармашылық белестері сахналық бейнелер арқылы көрерменге ұсынылды. Бұдан соң концерттік бағдарламада аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары мен жас музыканттар композитордың шығармаларын орындап, көрерменге рухани ләззат сыйлады.

Кеш соңында ұйымдастырушылар мен қонақтар мерейтой иесіне ұзақ ғұмыр, сарқылмас шабыт, жаңа шығармашылық табыстар тіледі.

А.Т.ТОҚТАСЫН
АТАМЕКЕН



ЖЫР МЕН ТАРИХ ТОҒЫСҚАН МЕРЕЙЛІ БАСҚОСУ

Еліміздің басты мерекелерінің бірі – 25 қазан Республика күні қарсаңында Қарақыстақ ауылындағы Сүйінбай Аронұлының әдеби-мемориалды музейінде «Бөрілі менің байрағым» атты тарихи-танымдық кездесу кеші өтті.

Іс-шараның негізгі мақсаты – ел Тәуелсіздігіне бастау болған Республика күнінің маңызын айқындау, ұлт рухын көтеріп, тарихи жадымызды жаңғырту болды.

Кешке мәдениет және ғылым саласының өкілдері, ауыл тұрғындары мен жастар қатысты. Мерекелік жиынға қатысушылар алдымен музей экспозициясымен танысып, Сүйінбай Аронұлының өмірі мен шығармашылығына арналған жәдігерлерді тамашалады.

Шараның шымылдығы ашылып, алғашқы сөзді Сүйінбай бабаның ұрпағы, сәулетші Садырбаев Ғабит Сұлтанғалиұлы алып, жиналғандарды Республика күнімен құттықтады.



– «Республика күні – ел тарихындағы ерекше белес. Бұл күн – егемендіктің бастауы, ұлттық рух пен ел бірлігінің мерекесі. Сүйінбай жырларындағы елдік пен ерлік рухы бүгінгі ұрпаққа үлгі болуы тиіс», – деді.

Кездесуде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Суретшілер одағының мүшесі, академик Қырым Касенханұлы Алтынбеков тарихи-мәдени мұраларды қалпына келтіру бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде мазмұнды баяндама жасады. Ол өз сөзінде: – «Ел рухының айнасы – оның тарихы мен мәдениеті. Біз сол мұраларды жаңғырту арқылы ұлттың болмысын сақтаймыз», – деді.

Шара барысында А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері Қасымбек Айсұлу Асылханқызы:

– «Тіл – елдің жаны, ұлттың ұйытқысы. Республика күні – мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеріп, оны ұлықтайтын күн. Әрбір азамат ана тіліне құрметпен қарауы тиіс» –



деп, тіл мен рухани мұраның сабақтастығына тоқталды.

Баяндамалардан кейін көрермендер тарапынан сұрақтар қойылып, еркін пікір алмасу өрбіді. Кеш қатысушылары елдік сана мен руханият, жастар тәрбиесі және мәдениет саласының даму бағыты жөнінде өз ойларымен бөлісті.

Кездесудің қорытынды сөзін Алматы облыстық музейлер бірлестігінің директоры Талғат Құрманбекұлы Келімбетов сөйлеп, ел тарихы мен мәдениетінің сабақтастығын сақтау – ұлттың болашағына жасалған маңызды қадам екенін атап өтті.

Шара соңында белсенді қатысушыларға Алғыс хат пен естелік ретінде кәде сыйлықтар табысталды. Бұл кездесу «Сүйінбай сазы» фольклорлы-этнографиялық ансамблінің концерттік бағдарламасымен жалғасты. Көрермендер халық әндері мен күмбірлеген күйлерді тыңдап, өнерпаздарға ыстық ықылас білдірді.

«Бөрілі менің байрағым» атты тарихи-танымдық кездесу Республика күні қарсаңындағы ең мазмұнды рухани іс-шаралардың бірі болды. Кеш ел рухын жаңғыртып, ұлт тарихының тереңдігін танытты. Осындай шаралар жас ұрпаққа өткеннің өңегесін танытып, тәуелсіздіктің қадірін ұғынуға жол ашады.

А.ТҰРСЫНЖАН ТОҚТАСЫН
АТАМЕКЕН

Бүгінгі ауыл келбеті

ОКРУГ ӨМІРІНДЕГІ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Мемлекеттің негізгі тірегі – ауыл екені айдан анық. Өйткені, ауыл өскелең де өрнекті өміріміздің айнасы іспеттес. Ширек ғасыр аралығында еліміз батыл да ширақ қимылдары арқылы өркендеп өсіп келеді. Осы жетістікке Үлгілі ауылдық округі тұрғындарының да өзіндік үлесі бар деп есептейміз.

Айқын мақсат, жасампаз жоспар қашан да алға адаспай жүрудің және нақты табыстарға жетудің басты кепілі. Жергілікті әкімдердің өзін-өзі басқарудағы жаңа жүйесі, халыққа жақындай түсуі ауылдағы түйінді мәселелердің шешілуіне, еңбек етудің тың мүмкіндіктерін бірлесе отырып пайдалануға өз ықпалын тигізбек.

Үлгілі ауылының әкімшілігі қандай игілікті шаралар болсын оны дұрыс қабылдай отырып, өз жұмысын жоспарға сәйкес орындауда. Бұл ауыл аудан орталығынан 43 шақырым қашықтықта орналасқан. Округтің жалпы жер көлемі – 87414,98 гектар, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер көлемі – 87000 гектар, оның ішінде суармалы жері – 283,05 гектар, шабындағы – 484,03 гектар, егістігі – 2589,71 гектар, жайылымы – 83658,19 гектарды құрайды. Округтегі халық саны – 1415 адам, түтін саны – 277 аула. Бүгінде Үлгілі ауылдық округінің әкімі Абдыкаримов Мұхтар Джумабекович сайлауалды бағдарламасы бойынша жоспарға сәйкес жұмыс істеуде.

Ауыл мектебінің жағдайы да көңіл қуантарлық. Қазіргі таңда 28 ұстаз 122 оқушыға дәріс беріп, жас жеткіншектердің білімі мен тәрбиесіне баса назар аударады. Биыл жастар практикасына 1 адам қабылданды. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында жыл басынан бері тұрақты жұмысқа 10 азамат тартылды. 1 азамат қысқа мерзімді кәсіптік оқуға жіберілді. Ал 35 азамат ауылдық округтің ақылы түрдегі қоғамдық жұмысымен қамтамасыз етілді. Кәсіпкерлікті қолдау бойынша 1 адамға құс шаруашылығымен айналысу үшін жалпы соммасы 9 млн 200 мың теңге несие берілді.

Бүгінде округте медициналық қосын, балабақша, пошта бөлімшесі, 5 сауда нүктесі халыққа сапалы қызмет түрін ұсынуға. Округ аумағында 1797 бас мүйізді ірі қара, 53000 бас ұсақ мүйізді мал, 1600 бас жылқы, 182 бас түйе, 1005 құс бар. Ауылдық округте 87 шаруа қожалығы тіркелген, оның ішінде 14 ірі шаруа қожалығы жұмыс істейді.



Қазіргі таңда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша жайылмдық, егістік жерлердің игерілмей жатқанын анықтап, оның тиімділігін арттыру мақсатында бірқатар жұмыстар қолға алынуда. «Қыс шананды



жаз сайла» демекші, қожалық иелері алдағы мал қыстау маусымына қажетті жем-шөп жинап, ықтиятты қамдануда.

Ауылдағы ауыз мәселесі де шешімін тапқан. Қазіргі таңда 244 үй жаңа су жүйесіне қосылған. Қаншеңгел ауылы да орталықтандырылған ауыз су жүйесімен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, 2024 жылғы сәуірдің 1-нен бастап табиғи газ іске қосылып, 102 үй көгілдір отынмен қамтылды.

Бүгінде округ әкімдігі мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруда белсенділік танытып келеді. Жуырда Алматы облысы Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Тіл шебері» облыстық байқауына округ

23 қазан күні Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті Жамбыл ауданында орналасқан «Тәуекел-ГАЗ құбыры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің нысанына баспасөз турынын ұйымдастырды.

Іс-шараның басты мақсаты – аудан аумағында атқарылып жатқан газбен қамтамасыз ету және газ жүйесін жаңғырту жұмыстарының барысын, тұтынушыларға көрсетілетін қызмет сапасын, сондай-ақ табиғи монополиялар саласындағы

Газ жүйесінің жаңғыртуы – халық игілігі үшін

ашықтық және қоғаммен байланысты нығайту болды.

Баспасөз турына Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің табиғи монополиялар және бағаларды реттеу басқармасының бас маманы Қанат Заирұлы, Жамбыл ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы

бөлімінің бас маманы Құрмет Эриқұлы, аудандық мәслихат депутаты Паша Александрович, сондай-ақ БАҚ өкілдері мен қоғамдық ұйымдардың мүшелері қатысты.

Шара барысында қатысушылар «Тәуекел-ГАЗ құбыры» ЖШС ұжымының жыл басынан бері атқарған инвестициялық бағдарламасының орындалу барысымен және кәсіпорынның жалпы қызметімен танысты. Серіктестіктің директоры Асқар Мұхамедқалиұлы Жұрынов, бас инженер Нұрлан Текебаевич және экономист Нұрлан Қозбағаров газ жүйесін жетілдіру, қауіпсіздік шаралары және тұтынушыларды үздіксіз газбен қамту бағытындағы жоспарлар туралы баяндама жасады.

Департаментпен 2021–2025 жылдарға арналған жалпы сомасы 52 миллион теңгені құрайтын инвестициялық бағдарлама бекітілген болатын. Оның ішінде 2024 жылы 10,4 миллион теңге көлемінде қаражат игерілді. Аталған қаржы Жамбыл ауылының Новостройка көшесі бойында ұзындығы 760 метр болатын орта қысымды жерүсті газ құбырларын қайта жаңарту жұмыстарына бағытталды.

Қазргі таңда барлық жоспарланған нысандар толық орындалған. Нәтижесінде 1200 абонент газ жүйесіне қосылып, аудан тұрғындарының тұрмыстық жағдайы айтарлықтай жақсарды. Сонымен қатар, жүргізілген жаңғырту

шараларының арқасында газ құбырларының тозу деңгейі 1,2 пайызға төмендеді.

Келесі жылға да нақты жоспарлар жасалған. 2025 жылы тағы 10,4 миллион теңге көлемінде қаражат бөлініп, Мыңбаев ауылындағы Д.Қонаев көшесі бойында ұзындығы 760 метрлік жерүсті газ құбырларын жаңарту жоспарланып отыр. Бұл өз кезегінде 2800 абонентті газбен қамтуға және желілердің тозуын қосымша 1,2 пайызға азайтуға мүмкіндік береді.

Баспасөз туры барысында қатысушылар жаңадан салынып жатқан ықшамаудандардағы



газ желілерінің тартылу барысымен де танысты. Қазіргі уақытта ауданда төмен қысымды жүйеден орта қысымды жүйеге ауыстыру жұмыстары жүргізілуде. Бұл шара газ қысымының тұрақтылығын қамтамасыз етіп, тұтынушыларға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға бағытталған.

«Біздің басты мақсатымыз – халыққа сапалы әрі қауіпсіз қызмет көрсету. Газбен қамту желісінің үздіксіз әрі сенімді жұмыс істеуі үшін барлық техникалық және қауіпсіздік талаптары сақталуда. Әрбір тұтынушының қауіпсіздігі – біздің басты назарымызда», – деді «Тәуекел-ГАЗ құбыры» ЖШС директоры Асқар Жұрынов.

Шара соңында қатысушылар газ тарту жұмыстарының барысына оң бағасын беріп, сала қызметкерлерінің еңбегіне ризашылық білдірді. Мұндай баспасөз турлары табиғи монополиялар субъектілерінің ашықтығын арттырып, қоғам алдында есепті болуына, сондай-ақ тұрғындардың коммуналдық қызметтердің сапасы жөнінде нақты әрі өзекті ақпарат алуына мүмкіндік береді.

Жамбыл ауданындағы газ жүйесін жаңарту – тұрғындардың тұрмыс сапасын арттырумен қатар, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосатын маңызды бастама екені сөзсіз.

А.АСҚАРУҰЛЫ
АТАМЕКЕН



Мемлекет басшысының көктемгі дала жұмыстарының уақытылы жүргізілуін және қолдау шараларын жетілдіру жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында «Кең дала 2» бағдарламасы бойынша өтінімдерді қабылдау 2025 жылғы қазанның 1-нен басталғанын хабарлаймыз.

Уақтылы қаржыландыру аграршыларға жаңа ауыл шаруашылығы маусымына тиімді дайындалуға, жанар-жағармай материалдарын тиімді бағамен сатып алуға, тыңайтқыштар алуға, техниканы жөндеуден өткізуге және қажетті тұқым қорын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осы кезеңде ресурстарға қол-жетімділік – егіс науқанын табысты жүргізудің негізгі факторы болып табылады.

Толық ақпарат Agrocredit.kz сайтында және Call-орталық нөмірлері арқылы қолжетімді: 5353 (Kcell, Activ, Beeline) және +7 775 007 68 07 (Tele2, Altel).

А.ӘЙГЕРІМ ӘБУ
АТАМЕКЕН



ЖҮРЕКТЕН ЖҮРЕККЕ — МЕЙІРІМ МЕН ӨНЕР МЕРЕКЕСІ

15 қазан күні аудандық мәдениет үйінде ерекше жылылық пен қуанышқа толы іс-шара – «Жүректен жүрекке» атты аудандық фестиваль өтті. Бұл мереке мүмкіндігі шектеулі балалар мен ересек жастағы жандардың шығармашылық қабілетін, өнерге деген сүйіспеншілігін, өмірге деген құштарлығын паш ететін маңызды мәдени оқиға болды.

Фестивальдің басты мақсаты – мүмкіндігі шектеулі жандардың бойындағы талант пен қабілетті ашу, олардың қоғам өміріне белсенді араласуына жағдай жасау, шығармашылық әлеуетін арттыру, әлеуметтік бейімделуіне қолдау көрсету болып табылады.

Мерекелік шараға аудан әкімінің орынбасары Әділбек Қамбарұлы, «АМАНАТ» партиясының Жамбыл аудандық филиалының төрағасы Ықылас Еркінұлы мен ауданның әлеуметтік сала мамандары және қоғамдық ұйым өкілдері қатысты.

Шараның ашылуында аудан әкімінің орынбасары Ә.Қамбарұлы:

«Бұл күн – сіздердің таланттарыңыз бен қабілеттеріңізді көрсететін, қуаныш пен шаттыққа толы ерекше сәт. Сіздердің өнерлеріңіз, күлімдеген жүздеріңіз – баршамызға үлгі, жігер мен сенім береді», – деп қатысушылар мен қонақтарды шын жүректен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Фестиваль аясында мәдениет үйінің фоесінде «Үздік жасампаз» номинациясы бойынша ерекше қолөнер көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесінде арнаулы әлеуметтік қызмет алып жүрген Абдуллаев Саламат Ахметұлы,



«Rakhym» ерекше балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын қолдау орталығынан келген Нұрсұлтан Бейбітұлы мен Бекарыс Маратұлы және А.Қарсақбаев атындағы орта мектебінің оқушысы Әділ Дидарұлы өздерінің шығармашылық туындыларын ұсынды.

Көрме қонақтар мен әділқазылардың жоғары бағасына ие болып, қатысушылардың шеберлігі мен талпынысы көпшілікті тәнті етті.

Фестивальдің сахналық бөлігі «Үздік орындаушы» номинациясы бойынша жалғасты. Қатысушылардың орындауындағы әсерлі әндер мен би көріністері залды ерекше толқытты. Көрермендер сүйсіне қол соққан концерттік бағдарламада Базарқұл Бекжан мен Жалғасбай

Ақбота «Аға мен қарындас» әнін орындалса, Қарғалы №3 орта мектебінің оқушысы Ратмир Покотилов «Три желания» әнін шырқады. Ал №4 арнайы мектеп-интернатының оқушылары Саулмай Жангирова мен Гүлнұр Сейтханова «Тәп тәтті» әнін дуэтпен әдемі жеткізді. Сондай-ақ, Манас Жұбатхан «Достар» әнін орындап, достықтың қадірін сезіндірсе, Шамель Малгаждаров «Ауылға барам» және «Мама» әндерімен көрермен көңілін тебіrentті. Бұдан бөлек Кәусар Тажетдин «Көңілді күн» әнімен қуаныш сыйласа, Ерлан Сағынов «Көктудың желбірегені» әнін әуелете шырқады. Фестиваль барысында қатысушылардың өнеріне аудандық мәдениет және қоғамдық ұйым

Тұрсынжан ТОҚТАСЫН
АТАМЕКЕН

Мүмкіндігі шектеулі жандарға мүмкіндік мол

Мүмкіндігі шектеулі жандардың көзқарастары, ой-тұжырымдары, түйсіктері бөлек. Бойдағы күш-жігері, оларды өмірді ынта-шынтасымен сүйеге жетелейді. Табиғатынан талантты, талапты жандардың бұл тобына елімізде жан-жақты қолдау көрсетіліп, кедергісіз орта қалыптастыруға жағдай жасалуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Токаев «Қазақстанда ешкімнің құқығы шектелмеуі керек», деп ерекше күтімді қажет ететін жандарға ыңғайлы орта қалыптастыру қажеттігін тапсырды.

Елімізде 600 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі адам тұрып жатыр, ол жалпы халық санының 3,5 пайызын құрайды екен, ал 69 мыңы балалар. Әрқайсысының тағдыры әртүрлі, біреулері туа бітті кемтар атанса, енді біреулері тағдырдың тәлкегіне ұшырағандар. Осындай мүмкіндігі шектеулі адамдарға қамқорлық көрсету қоғамның парызы болып саналады. Мүгедек жандар қоғамнан тыс қалмауы үшін соңғы уақытта мемлекет тарапынан көңіл бөліне бастады. Мүмкіндігі шектеулі жандар 18 жастан кейін де назардан тыс қалмауы керек. Үкіметтен берілетін қолдау, мүмкіндік, қаражаттың қысқартылмағаны дұрыс.

Мүмкіндік шектелсе де мемлекет ұмытпайтын бұл жандар туралы осы орайда орындалып жатқан мына бір 7 маңызды шара туралы айтқым келеді.

Бүгінгі таңда Қазақстанда 737 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі жан тіркелген. Осы 737,4 мың адамның 415,9 мыңы еңбекке қабілетті

Бұл – бюрократиялық тосқауылдарды жою және әділ бағалау жүйесін қалыптастыру бағытындағы маңызды қадам. Қазірдің өзінде аурудың 30-дан астам түрі бойынша сараптама сырттай жүргізіледі. Ал ампутация, Даун синдромы сияқты қайтымсыз жағдайлары бар адамдарға мүгедектік автоматты түрде тағайындалады.

Алтыншыдан, биылдың өзінде 345 мың техникалық оңалту құралы беріліп, өңірлерде 4 жаңа оңалту орталығы ашылған.

Жетіншіден, мүгедектігі бар азаматтардың өмір сапасын арттыру мақсатында арнайы әлеуметтік қызметтер кеңінен ұсынылады. Олар стационарлық, жартылай стационарлық және үй жағдайында көрсетіледі. Қызметтің өзі 8 бағытты

айтуынша, бұл көрсеткіш шынайы саннан әлдеқайда көп. Мүгедектігі бар азаматтардың саны жыл сайын шамамен 2,4%-ға өсіп отыр. Бұған әлеуметтік жағдай, экологиялық ахуал мен медициналық қызмет сапасының әсері бар.

Депутаттар мүгедектікті анықтау рәсімінде де әділетсіздік жиі кездесетінін айтты. Мысалы, қолы немесе аяғы мүлде жоқ адаммен саусағы немесе башпайы жоқ адамға бірдей үшінші топ мүгедектігі беріледі. Кейбір азаматтар тіпті өмір бойына мүгедек болса да, мүгедектік мәртебесін дәлелдеу үшін ұзақ әрі ауыр процедуралардан өтуге мәжбүр.

«Мұндай өңір тұрғындарының қатарында Семей полигонынан зардап шеккен, Түркістан



қамтиды: әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық, психологиялық, педагогикалық, еңбек, мәдени, экономикалық және құқықтық көмек. Бүгінде бұл бағытта 792-ге жуық мемлекеттік ұйым жұмыс істеп тұр.

Жалпы алғанда, мемлекет мүгедектігі бар азаматтарды жан-жақты қолдауға тырысуда. Бұл тек жәрдемақы не грант беру емес, бұл – олардың қоғам өміріне толыққанды араласуына мүмкіндік жасау, өздерін қажет және пайдалы сезінуіне жағдай туғызу.

Глия Жақанов:
«Мүгедек адамның денесін өмір шектей алады, бірақ оның арманын ешкім тұсаулай алмайды.»

Фёдор Достоевский:
«Қоғамның өркениеттілігін оның мүгедектерге деген қарым-қатынасынан білуге болады.»

Тағы да айта кетсек, Қазақстан әлеуметтік қолдау бойынша әлемдегі белсенді мемлекеттердің бірі саналады. Қазірдің өзінде 10-нан астам әлеуметтік төлем түрі бар. Тек биылдың өзінде халықты әлеуметтік қорғауға 3,4 триллион теңге бөлініп, 4,5 миллион адам қамтылған.

Соңғы жаңалықтарға сәйкес, Мәжілісте мүмкіндігі шектеулі азаматтардың әлеуметтік жағдайына қатысты мәселе көтерілген болатын. Депутат Нұрлан Әуесбаев мүгедектігі бар адамдарға төленетін жәрдемақының жеткіліксіз екенін айтып, оның көлемін 85 мың теңгеге дейін арттыруды ұсынды.

Қазіргі уақытта елде ресми тіркелген мүгедектер саны – 725 мың. Бірақ депутаттардың

облысы Қазығұрт ауданының тумасы Сарыпбеков Сапа есімді азамат. Оның мұрын қуысына полигон салдарынан зақым келгені ресми түрде дәлелденгенімен, түрлі себептермен үшінші топ мүгедектерін тізімінен шығарылған. Енді мүгедектігін қайта рәсімдей алмай, талай табалдырықты тоздырып, ақыр соңында сонау Түркістаннан бізге көмек сұрай келген», – деді Н.Әуесбаев өзінің депутаттық сауалында.

Депутат атап өткендей бүгінгі таңда үшінші топтағы мүгедектің жәрдемақысы – 55 474 теңге. Өз кезегінде, қазір инфляция 12,9 % деңгейіне жетіп, әлеуметтік маңызы бар өнімдерге, дәрі-дәрмектерге бағаның күрт өсуі байқалуда. «Сондықтан Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы мүмкіндігі шектеулі жандардың жәрдемақысын кем дегенде ең төменгі жалақы 85 000 теңге көлеміне дейін көтеру қажет деп есептейді», – деп толықтырды ол.

Депутат ұсынысы

- Медициналық-әлеуметтік сараптама және дәрігерлік-консультациялық комиссияның жұмыстырын тексеріп, жалған мүгедектік беру мәселесін қолға алуды;
- Мүгедектікті анықтау кезінде медициналық-әлеуметтік сараптама және дәрігерлік-консультациялық комиссияның талаптарын ашық

Стивен Хокинг:
«Шектеулер — тек біздің ойымызда ғана. Ешкім өз армандарын шектеуге құқылы емес.»

Ник Вуйчич:
«Менің ешқандай шектеулерім жоқ, тек мүмкіндіктерім бар.»

өкілдерінен құралған қазылар алқасы әділ баға беріп отырды.

Жарыс қорытындысында үздік шыққан қатысушылар аудан әкімінің дипломдарымен мараптталып, бағалы сыйлықтарға ие болды. «Үздік жасампаз» және «Үздік орындаушы» номинациялары бойынша жүлделі орын иегерлерінің есімдері салтанатты түрде аталып, сахна төрінен лайықты құрметке бөленді.

Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі жандардың белсенділігі мен шығармашылығын жоғары бағалаған аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Жанғали Мұратбекұлының Алғыс хаттары да табыс етілді.

Фестиваль соңында қатысушылар бірлесіп, бейбітшілік пен мейірімге үндейтін өлең жолдарын оқыды. Бұл шумақтар фестивальдің рухын айшықтап, көрермендердің көңілінде ұзақ сақталды.

«Жүректен жүрекке» фестивалі – өнер арқылы адамдарды біріктіретін, қоғамдағы инклюзивті мәдениетті дамытатын игі бастама. Мұндай шаралар мейірімділік пен өзара түсіністіктің символына айналып, ерекше жандардың өмірге деген құштарлығын арттыратыны анық.

ету және мүгедектер үшін түрлі анықтамалар жинау тәртібін жеңілдетуді;

- Мүгедектердің өмір сүру құқығын басқалармен тең дәрежеде тиімді жүзеге асыруын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік жәрдемақыларды есептеудің жаңа әдіснамасын әзірлеуді талап етеді.

Айта кетейік, елімізде үш ай бойы жұмыс істемеген азаматтар енді есепке алынады. Бұл өзгеріс 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді. Әрі қарай деректер Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне берілмек.

2025 жылы Қазақстанда инклюзивті саясатты дамытудың жаңа кезеңі басталды. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректеріне сәйкес, мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмысқа орналастыруға арналған квота жүйесі тиімді нәтиже беруде. Бүгінде еліміз бойынша 50 мыңнан астам ерекше қажеттілігі бар адам тұрақты жұмыспен қамтылған. 2023 жылы бұл көрсеткіш 37 мыңды құраған болатын. Демек, екі жыл ішінде өсім шамамен 35 пайызды құрады.

Инклюзивті білім беру саласында да айтарлықтай өзгерістер бар. Бүгінде еліміздегі мектептердің 90 пайызы мүмкіндігі шектеулі балаларға бейімделген. 2025 жылы 80 мыңнан астам бала арнайы түзету кабинеттері мен ресурстық орталықтарда білім алып жатыр. Ал жоғары оқу орындарында ерекше студенттерге арналған грант саны екі есе артты.

Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер

Мүгедектігі бар азаматтарға медициналық және әлеуметтік көмек көрсету жүйесі де жаңаруда. Электронды протездеу, онлайн-кеңес беру, цифрлық оңалту орталықтары енгізілуде. 2025 жылы 200 мыңнан астам адам электронды қызмет түрлерін пайдаланды. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда 2,5 есе көп.


Қолжетімді органы дамыту бойынша да нақты қадамдар жасалуда. Елімізде 15 мыңнан астам нысан мүгедектігі бар азаматтардың қажеттілігіне бейімделді. Соның ішінде мемлекеттік мекемелер, білім беру және медициналық ұйымдар, қоғамдық көліктер мен аялдамалар бар. 2025 жылғы дерекке сүйенсек, Астана, Алматы және Шымкент қалаларында қоғамдық кеңістіктердің 92 пайызы қолжетімділік талаптарына сай.

Мүмкіндігі шектеулі адамдарға деген көзқарас та біртіндеп өзгеріп келеді. 2025 жылы ел бойынша 300-ден астам әлеуметтік жоба жүзеге асқан. Олардың ішінде спорт, шығармашылық, кәсіпкерлік бағытындағы бастамалар бар. Мысалы, «Қолтаңба», «Инклюзивті театр», «Жастар – тең мүмкіндік» жобалары ерекше азаматтардың әлеуетін ашуға ықпал етті.

Сарапшылардың пікірінше, Қазақстанның инклюзивті даму саясаты БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарымен үйлесімді. Атап айтқанда, «Жаксы жұмыс және экономикалық өсім», «Теңсіздікті азайту», «Сапалы білім» бағыттарында еліміз алға жылжуда. Дегенмен, кей аймақтарда инфрақұрылым мен қызмет сапасы әлі де жеткіліксіз. Мәселен, ауылдық жерлердегі арнайы орталықтардың тек 60 пайызы заманауи стандарттарға сай келеді.

Мүмкіндігі шектеулі жандар – қоғамның белсенді бөлігі. Олардың өмір сапасын арттыру – тек мемлекеттің емес, әр азаматтың парызы. 2025 жыл Қазақстан үшін әлеуметтік әділеттіліктің, тең мүмкіндіктердің және адами капиталды дамытудың маңызды кезеңі болды.

Майра Райымбердиева
АТАМЕКЕН



Егемен елдің маңызды мерекесі

Құрметті Қазақстандықтар!

Сіздерді халқымыздың тарихындағы ең қастерлі мерекелердің бірі – 25 қазан – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл айтулы күн – ұлттың өзіне-өзі тану жолындағы ұлы қадамының, мемлекеттіліктің қалыптасуы мен тәуелсіздіктің нық бекігенінің айғағы. Республика күні – халқымыздың азаттыққа ұмтылған асқақ рухының, ел бірлігі мен егемендіктің нышаны.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан Республикасының құқықтық, әлеуметтік және экономикалық дамуының берік негізі қаланды. Еліміз демократиялық қағидаттарды ұстанған, заң үстемдігіне сүйенген өркениетті мемлекет ретінде қалыптасып келеді.

Әділдік пен теңдік – мемлекеттіліктің басты тірегі. Сол себепті сот жүйесінің басты міндеті – заңның үстемдігін қамтамасыз етіп, әрбір азаматтың құқығы мен бостандығын қорғау болып табылады.

Бүгінгі мереке – өткенге тағзым, болашаққа сенім ұялататын күн. Біз ата-бабаларымыздың өрлік жолын, елдік пен бірлікті сақтап, келер ұрпаққа бейбіт әрі әділетті қоғам қалдыруға тиіспіз.

Өрқайсымыз өз еңбегімізбен еліміздің дамуына үлес қосып, Қазақстанның мәртебесін арттыруға атсалысайық!

Осы ұлық мереке қарсаңында баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, шаңырақтарыңызға шаттық, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Тәуелсіз еліміздің көк туы бейбіт аспанда мәңгі желбіреп, Республикамыздың абыройы асқақтай берсін!

Ізгі тілекпен:
Э.К.КАРИБАЕВ,

Жамбыл аудандық сотының судьясы.

Тәуелсіздік

Еркіндігім.
Қасиеттім.
Қастерлім.
Өзің барда өзегімде жоқ шер мұң!
Кеше сенің келбетіңді арман ғып,
Боданына бұғауландық басқа елдің.
Бабалардың басын тігіп бәйгеге,
Аналардың жанарына жас бердің!
Уа, Еркіндік,
кош келдің!
Өзегімді өртке ораған қоғамда,
Өз үйіме өзім өгей болам ба?!

Алшаң басып жүре алмаса алты алаш
Азаттығым!
Қадірін де жоқ онда!
...Саған жету қиын болса қаншалық,
Сактап тұру қиынырақ одан да!
Алла берген азаттықтың әр сәті –
Аманат қой
Маған,
Саған
Оған да!

Саясатқа сермей алмай семсерді,
Езгі күнге тері қылдым еңсемді!
Желтоқсанда жалын атып жастығым,
Курсау болған темір қоғам теңселді!
Есте даңқы қыршындардың қалды ма,
Сексен алты ерлігім бе-ей, ең соңғы!?

Уа, еркіндік,
Құның немен өлшенді!?

Уа, еркіндік!
Құның немен өлшенді?!

Сені көкसेп
Боздақтарым өлсе өлді!
Сенсің менің ең ғажайып өлеңім,
Ең шуақты,
Ең шырайлы,
Ең шерлі!

Әр таңыңды сүйіншілеп тұрайын –
Құдай берген ғұмырыма өлшеулі!

Қалқаман САРИН,
ақын.

ҚАЗАҚСТАН – ТАҒДЫРЛЫ ТАРИХЫ ТЕРЕҢ, ТАМЫРЫ БЕРІК МЕМЛЕКЕТ



Тәуелсіздік пен егемендік жолындағы күрес ғасырлар бойы жалғасып, бүгінгі азат күнге жеткізді. Осы ұлы жолдың ең алғашқы нышаны, мемлекет құрудағы тарихи қадамының бастауы – Республика күні.

Бұл күн – ұлттық намысты оятқан, елдің жаңа дәуірге бет алған айрықша белесі.

1990 жылдың 25 қазаны. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің сессиясында ел болашағын айқындаған шешім қабылданды. «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы декларация» – кеңестік жүйенің құрсауынан бейбіт жолмен шығудың алғашқы нышаны болды.

Бұл құжат елдің саяси дербестігін, экономикалық және мәдени тәуелсіздігін айқындап, Қазақстанның болашақ тағдырын өз қолына алуына негіз қалады.

Декларацияда «Жер және оның қойнауы, суы, табиғи байлықтары – республиканың меншігі» деп нақты жазылды. Бұл – ұлттық байлықты өз халқының игілігіне жаратуға бағытталған тұңғыш заңдық бекіту еді.

«2025 жылы Қазақстан халқы 20,3 миллионнан асып, тәуелсіз еліміздің тірегі – 20 миллионнан астам азаматтың мерейі мен бірлігін көрсетеді. Бұл – 30 жыл ішінде экономикамыздың тұрақты дамуының нәтижесі өткен алты айда ЖІӨ 6%-дан астам өсті. Еліміз 1500-ден астам жаңа мектеп пен 200-ге жуық аурухананы салумен, білім мен денсаулық сақтау саласын нығайтумен қатар, Орта Азиядағы ең ірі экономика ретінде әлемнің 120-дан астам елдерімен дипломатиялық қатынаста тұр. Республика күні – осы жетістіктер мен даму жолындағы бірлік пен еркіндігіміздің мерекесі.»

Декларацияның әр бабы терең мәнге ие болды. Онда қазақ тілінің мәртебесі, мемлекеттік егемендіктің принциптері, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары бекітілді.

Ең маңыздысы – Қазақстанның халықаралық қатынастарда дербес болуға, өз қарулы күшін құруға және ішкі-сыртқы саясат жүргізуге құқы бар екені айқындалды.

Бұл – Кеңес Одағының құрамындағы республика үшін теңдессіз тарихи жетістік еді.

Сол күнгі сессия айрықша атмосферада өтті. Кеңес дәуіріндегі жүйенің ықпалынан шығу оңай болмағанымен, депутаттар ел тағдыры үшін жауапкершілікті сезінді.

Сол тарихи шешімге жетекшілік еткен тұлғалар қатарында Серікболсын Әбділдин, Сағат Жүнісов, Оразалы Сәбден сынды қоғам қайраткерлері болды. Олардың батылдығы мен көрегендігі елдің жаңа бетбұрысын айқындады.

Құжат қабылданғанда залда отырғандардың барлығының жүзінде толқу мен үміт қатар байқалды.

Декларация қабылданғаннан кейін арада небәрі бір жыл өткен соң, 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Тәуелсіздігін жариялады. Бұл жол – бейбіт келісім мен саяси сабырлықтың нәтижесі болды.

Тәуелсіздік туралы Конституциялық заңның қабылдануына осы декларация рухани және заңдық негіз қалап берді. Сөйтіп, Қазақстан әлем картасында дербес мемлекет ретінде орнықты.

2022 жылы Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-

Жомарт Тоқаев Республика күнін ресми мереке ретінде қайта енгізу туралы бастама көтерді.

Бұл шешім – ұлт тарихына құрметтің, ел болашағына жауапкершіліктің көрінісі.

Ел Президенті атап өткендей, Республика күні – мемлекеттіліктің бастауы, егемендіктің нышаны. Содан бері қазанның 25-і – халықтың рухын көтеретін мереке ретінде қайта жаңғырды.

Көптеген елдер өздерінің республика немесе тәуелсіздік күнін ерекше қастерлейді. АҚШ-та 4 шілде – ұлттық мақтаныш күні, Қытайда 1 қазан – мемлекеттік қуаныштың апталығы;

Түркияда 29 қазан – Республика күні, ұлттық шерулер мен мәдени шаралар күні.

Әзербайжанда 28 мамырды тарихи декларация қабылданған күн ретінде атап өтеді.

Олардың барлығы үшін басты құндылық – ел бірлігі мен тәуелсіздік рухы.

Қазақстан да осы дәстүрді жалғастырып,



Заң үстемдігі мен әділдік – мықты мемлекеттің тірегі

Қадірлі Жамбыл ауданының тұрғындары!

Сіздерді 25 қазан – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл айтулы мереке – халқымыздың тағдырындағы тарихи сәт, егемен ел ретінде өз даму жолын айқындаған ұлы белес. Республика күні – тәуелсіздіктің, демократияның және заң үстемдігінің айқын көрінісі, ел бірлігі мен мемлекеттіліктің нышаны.

1990 жылдың 25 қазанында қабылданған «Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация» – еліміздің жаңа тарихындағы аса маңызды құжаттардың бірі болды. Бұл құжат Қазақстанның саяси, экономикалық және құқықтық дербестігін жариялап, тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуына негіз қалады.

Бүгінде Конституциялық қағидаттарға сүйенген Қазақстан Республикасы тұрақты саяси жүйесімен, дамыған экономикасымен және халықаралық беделімен ерекшеленетін мемлекетке айналды. Елдің тыныштығын сақтау, заң үстемдігін қамтамасыз ету, әділдік пен азаматтардың құқықтарын қорғау – мықты мемлекеттің басты тірегі болып табылады.

Республика күні – тек мемлекеттік мереке ғана емес, әрбір азаматтың ел тағдыры алдындағы жауапкершілігін, Отанға деген сүйіспеншілігін, қоғамдағы әділдік пен заңдылыққа деген құрметін нығайтатын күн.

Қоғамның тұрақтылығы мен елдің өркендеуі – бәріміздің бірлігіміз бен өзара сыйластығымыздың, адал еңбегіміздің нәтижесі. Сондықтан да бұл мереке баршамызды туған жердің игілігі үшін еңбек етуге, әділдік пен заңдылықты сақтау арқылы ел дамуына үлес қосуға шақырады.

Қымбатты жерлестер!

Осы мерекелі күн баршамызды ауданымыздың өркендеуіне, бейбітшілік пен келісімді нығайтуға, қоғам игілігі үшін аянбай еңбек етуге жұмылдырсын.

Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін.

Ізгі ниетпен:

Аңсаған ЖЕТКЕРГЕНҰЛЫ,

Жамбыл ауданының прокуроры.

Ұлы Отаным

Тәуелсіздік арайланып таңы атқан,
Күн күлімдеп жарық сәуле таратқан.
Елім десе жас жүрегім елжіреп,
Ұланыңмын бір өзіңнен нәр алған.

Қайсар қазағым, шегінбе артқа,
Ұмтыл қазағым, Жеңіске алға!
Көк туым көкке желбіреп мәңгі,
Қырандай қалқып биікке самға!

Шежіреміз сыр шертеді тарихтан,
Ұлылардың ұлы есімін танытқан.
Дініміз бен тілімізді жоғалтпай,
Салт – дәстүрді болашаққа жаңғыртқан.


Көш бастаған ерлерім бар елімде,
Ата – бабам мұрасы бар жерімде.
Ұлы Отаным береке мен
бақ қонған,

Бұлбұл құстай ән
саламын төрімде!

**Балжан
БАЛМУРАТОВА**

А Майра Райымбердиева

АТАМЕКЕН





§ 24-қазан – Кітапханашылар күні

Руханият әлемінің шырақшысы

Кітапхана – адамзат өркениетінің ең көне әрі ең маңызды мәдени институттарының бірі. Ол – өткеннің өнесін, бүгіннің білімін, болашақтың бағдарын сақтайтын, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші қасиетті орын. Ал осы рухани орданың тынысын жандандырып, оқырман мен кітап арасындағы алтын көпірге айналып жүрген тұлғалар – кітапханашылар.

Кітапхананың тынысы – қоғамның мәдени деңгейінің айнасы. Кітапхана бар жерде білім де, парасат та, өркениет те бар. Ал сол орданың жүрегі саналатын кітапханашылар – ұлт руханиятының сақшылары, адам мен білім арасындағы дәнекер. Олардың еңбегі көзге көрінбеуі мүмкін, алайда қоғам дамуының іргетасы дәл солардың күнделікті қажырлы еңбегіне сүйеніп тұр.

Кітапханашы мамандығы сырттай қарағанда тыныш әрі жайлы көрінгенімен, шын мәнінде ол үлкен жауапкершілікті, ұқыптылық пен терең ойды талап етеді. Кітапханашы – тек кітапты сөреге тізіп қоюшы емес, ол – ақпарат кеңістігіндегі бағыттаушы, руханият әлемінің шырақшысы.

Бүгінгі кітапханашы – жаңа технология дәуірінің маманы. Ол ақпараттық менеджментті меңгеріп, цифрлық ресурстармен жұмыс істейді, оқырманға дәстүрлі және онлайн форматта теңдей қызмет көрсетеді.

Жамбыл аудандық кітапханасы – осындай руханияттың ордасы. Ол 1947 жылы небәрі 900 дана кітап қорымен құрылған. 1974 жылы Бәйдібек бө көшесінде жалпы көлемі 1600 шаршы метрді құрайтын екі қабатты жаңа ғимарат пайдалануға берілген.

1986-1995 жылдар аралығында кітапханаға Бегімбетова Ұлжалғас Шаруақызы жетекшілік етіп, бұл кезеңде аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде 68 филиал жұмыс істеді. Қызметкерлер саны 120 адамға дейін өсті.

1997 жылы оңтайландыру саясатына байланысты ауылдық кітапханалар қысқарып, жүйе таратылған болатын. Алайда 2008 жылдың 3 қаңтарынан бастап Алматы облысы әкімінің қолдауымен 21 филиал қайта ашылып, 42 штат бірлігі қалпына келтірілді. Бүгінде



аудан бойынша 25 кітапхана халыққа сапалы қызмет көрсетіп келеді.

Жылдар бойы оқырман алғысына бөленіп, кітапхана саласында абыроймен еңбек еткен ардагерлер аз емес. Солардың қатарында Гүлсім Құрпанова, Ұлжалғас Бегімбетова, Какен Сүлейманқұлова, Мария Нұрғалиева, Нина Малеевская сияқты кітапханашылар бар.

Олардың ізін жалғап, өз еңбегімен ел құрметіне бөленген Зағиша Абжалелова, Күміскүл Чингисбаева, Айтжамал Сахаева, Майра Такенова, Бақыткүл Мадығұлова, Құлшар Асылбекова, Гүлжамал Шортамбаева, Роза Көкекова, Құлжамал Нүсіпова, Гүлнар Тұғышева, Татьяна Шейкина сынды мамандар бүгінде зейнетте.

1995 жылдан бері кітапхана ісін Бибінұр Ермекебайқызы басқарып келеді. Ол саладағы мінсіз қызметі үшін «Мәдениет қайраткері», «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгілерімен және «Қазақстан халқы Ассамблеясына 25 жыл» медалімен марапатталған. Сонымен қатар Халықаралық Жамбыл сыйлығының иегері атанған.

Қазіргі таңда кітапхана жүйесінде 68 қызметкер жұмыс істейді, оның 59-ы – кітапханашылар. Кітап қоры – 541 674 дана, оның ішінде 253 168-і – мемлекеттік тілдегі кітаптар. 2023 жылдан бастап кітапхана жұмысы ИРБИС бағдарламасы арқылы автоматтандырылды. Сонымен бірге, Facebook, Instagram және TikTok желілерінде оқырмандармен тікелей байланыс орнатылған.

Кітапхана ұжымы «Бір көше – бір тарих», «Оқуға құштар оқырман», «Оқитын ұлт», «Бір кітап – бір тарих» жобалары аясында түрлі мәдени іс-шаралар ұйымдастырып келеді. Бұл бастамалар жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттыруға ерекше рөл атқаруда.

Кітапхана бірнеше мәрте дипломдармен, Алғыс хаттармен марапатталып, 2011 жылы «Үлгілі ауыл кітапханасы» атағын иеленді. 2022 жылы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастырған «Рухани қазына – 2022» республикалық фестивалінде кітапханашы Гүлнар Есенғожаева Алғыс хатқа ие болды. Сол жылы Б.Қыдырбекұлы ауылдық кітапханасы облыстық «Ауылым – алтын

бесігім» байқауында бас жүлдені жеңіп, толық компьютер жиынтығын иеленді.


Жас маман Биктасова Баян 2022 жылы аудан әкімінің «Жыл үздігі» жастар сыйлығының «Үздік жас кітапханашы» номинациясын иеленсе, 2025 жылы Алматы облыстық орталық кітапханасы ұйымдастырған «Үздік жас кітапханашы – 2025» байқауында да бас жүлдені жеңіп алды.

Бүгінде кітапханалар электронды қор қалыптастырып, QR-код, онлайн тіркеу, мобильді қосымша арқылы қызмет көрсетуді жолға қойған. Электронды кітапханалар уақыт пен кеңістік шектеуін жойып, кез келген адамға өздігінен білім алуға мүмкіндік береді.

Кітапханашылар да заман талабына сай жаңарып, оқырманмен әлеуметтік желілер арқылы байланыс орнатып, әдеби челленджер мен онлайн оқу марафондары өткізіп келеді.

Қазақ руханиятының алтын арқауы – кітап пен оны оқырманға жеткізуші жанашыр кітапханашылар. Уақыт алға жылжыған сайын технология дамып, ақпарат тасқыны күшейгенімен, кітапхана мен кітапханашының қоғамдағы рөлі ешқашан өз мәнін жоймайды. Бүгінгі кітапханашылар – дәстүр мен жаңашылдықты тоғыстырған рухани майданның майталмандары. Олар білім мен мәдениеттің, тарих пен ұлт құндылықтарының сақшысы бола отырып, жас ұрпақты оқуға, ізденуге, ойлануға баулиды.

Сондықтан Қазанның 24-і – Кітапханашылар күні – руханиятқа адал қызмет етіп жүрген, ұлттың ой-санасын биіктетіп, қоғамның мәдени деңгейін көтеріп жүрген жандарға құрмет көрсету күні. Олардың еңбегі – ұлттың рухани қуатының кепілі, ал кітапхана – сол руханияттың мәңгілік шамшырағы.



Орман шаруашылығы қызметкерлерінің күні

Жусандаланың жасыл жүрегі соғып тұр

Қазан айының соңғы жексенбісі – еліміздің орман шаруашылығы қызметкерлері үшін ерекше күн. Бұл – туған табиғаттың тынысын сақтап, орман мен дала байлығын қызғыштай қорып жүрген жандардың кәсіби мерекесі.

Қазіргі таңда еліміз бойынша 17 000-нан астам орман шаруашылығы қызметкері табиғатты қорғау ісіне белсене атсалысып жүр. Оның ішінде 8 100-ге жуық қызметкер – Экология және табиғи ресурстарды басқару бөлімдерінде, ал 9 200-ден астам маман – жергілікті атқарушы органдарда қалтқысыз қызмет атқаруда. Бұл – табиғатты қорғау ісінің каншалықты ауқымды екенін айқын көрсетеді. Солардың ішінде ерекше атап өтер нысан – Алматы және Жамбыл облыстарының түйіскен жерінде орналасқан «Жусандала» мемлекеттік қорығы. Қорық бүгінде 2 757 008,68 гектар жерді алып жатыр. Бұл – еліміздің ең үлкен табиғатты қорғау аумақтарының бірі.

Қорық басшысы Абдуали Абдолланың айтуынша, мұнда «Қызыл кітапқа» енген көптеген аң-құстар мекендейді. Солардың қатарында арқар, қарақұйрық, жек-дуадақ, бүркіт, дуадақ және басқа да сирек кездесетін түрлер бар. Оларды қорғау мақсатында «Жусандала» инспекторлары екі топқа бөлініп, 15 күндік вахталық жүйемен жұмыс істейді. Әр топ көлікпен, қару-жарақпен, байланыс құралдарымен және жатын орнымен толық қамтамасыз етілген. Инспекторлар күндіз-түні аумақты аралап, табиғатты қорғау шараларын жүзеге асырады. Сонымен қатар олар ауылдық әкімшіліктерде, мектептерде, жергілікті халық арасында аң-құстарды қорғау жөнінде ағартушылық және түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Биылдың өзінде жек-дуадақтың бірнеше түрі өз табиғи ортасына қайта жіберілді. Мұның барлығы – қорық инспекторларының қажырлы еңбегінің нәтижесі. Қазір «Жусандала» аумағында жалағуға шақ қалған аң-құстардың саны айтарлықтай көбейген.

«Жануарлар дүниесін қорғау, аң-құстардың санын көбейту – біздің басты міндетіміз. Сонымен қатар заң бұзушылықтың алдын алып, халықпен бірлесе жұмыс істеу қажет. Соңғы жылдары табиғатты қорғау саласында



жаңа қаулылар қабылданып, браконьерлік әрекеттердің саны айтарлықтай азайған. Инспекторлар үнемі біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, өз білімдерін жетілдіруде. Жақында Экология және табиғи ресурстарды сақтау министрі Ә.Нысанбаев пен АҒОСО (Азия орман ынтымақтастығы ұйымы) атқарушы директоры Чонго Пак арасында кездесу өтіп, 2021 жылдан бері орман шаруашылығына қатысты жаңа бастамалар талқыланды. Нәтижесінде Қазақстанда (АҒОСО) өңірлік кәсіби білім беру орталығын ашу мәселесі қарастырылды. Бұл – отандық орман саласы мамандарының кәсіби деңгейін халықаралық стандарттарға көтерудегі маңызды қадам болмақ дейді қорық инспекторы Қаныбек Курманбекович.

«Табиғатты қорғау жолында жүрген инспекторлардың еңбегі кейде өміріне қауіп төндіретін сәттермен де тығыз байланысты. Мәселен, 2025 жылы қазан айының 00 сағат 15 минутында «Охотзоопром» РМҚ «Жусандала» МҚА инспекторлары, топ жетекшісі Байтимбетов Қаныбек Курманбекович қызмет барысында Жамбыл ауданы, Қашаңгел ауылының солтүстік бағытында браконьерлік деректі анықтаған. Тексеру кезінде м/н 031 ZB 05 УАЗ автокөлігін жүргізіп келе жатқан 1974 жылы туған Жекебаев Рустем Тилеугуловичтың көлігінен қарақұйрық етіне ұқсас ет және екі дана қоян еті табылған. Сондай-ақ 2025 жылғы



23 қыркүйекте сағат 03:36-да Мойынқұм ауданының Полиция бөліміне «Жусандала» инспекторы Байтимбетов Қаныбектен хабар келіп түскен. Онда Алматы – Екатеринбург тас жолының бойында, Бурылбайтал мен Аксүйек ауылдарының арасында үш азаматтың «Тойота Камри» автокөлігіне қарақұйрықты атып алғаны туралы мәлімет берілген. Оқиға орнына жеткен полиция капитаны Қамбар Қ.Ж. деректі тіркеп,

қорғап жүрген орманшылар мен инспекторлар – нағыз еңбектің ерен иелері. Осы орайда, табиғаттың тазалығы мен тыныштығы үшін аянбай тер төгіп жүрген барша орман шаруашылығы қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймыз! Олардың еңбегі еліміздің экологиялық болашағын жарқын етуге қосқан өлшеусіз үлес болып қала бермек.

Бетті әзірлеген бас редактор: А Әйгерім ӘБУ



АСПАНҒА ҰШҚАН АҚ ПЕРІШТЕЛЕР

Әңгіме

Бұл оқиға елді қатты
қиынжірді...

*Көктем ерке қыздай қылықты. Күн қызыл
арайын тарайтын, жаңа айтып келеді.
Ақшұнар ңыз сәт. Жоқта үстіне ентігін
шығып едік, бастарына ақжауық, жамылаған
өркемті таңаңдан ескен салқын самай
бойымызды тез сергітті.*

*Азамат, енді сәл демалайық. Қарашы,
төңірек жасанып, құлтырып тұір емес пе?
деді Қоспанов ағай қолындағы таяғына
сүйеніп. Осындай таламша рахат
кезде қалай ғана жап-жас болып ұйықтап
жайтасың, ә? Қарашы керемет қой.*

*Түкіл төңірек тамылжып
тұір, тап-таза.*

Қоспанов – аудандық соттың төрағасы, алпысты алқымдаған сабырлы, салқынқанды кісі. Ешуақ ашылып көп сөйлемейді, ешкіммен емін-жарқын ашылып та кетпейді. Ұзын етіп салынған үйдің бір жақ шетінде сол кісілер тұрады, екінші жағын маған жақында ғана берген.

Көршім жұмысына жаяу барып келеді. Маған машина келіп тұрады. Кездесіп қалсақ сәлемнен артыққа бармай өте шығады.

Кеше түсте есік алдында кездесіп қалғанымда: – Азамат, қатты толып барасың? Жүрегіне салмақ түсіресің ғой. Менімен бірге күнде таңертеңгілік серуенге шықсаңшы, дегені.

– Жарайды аға. Қай уақытта дайын тұрайын? – Сағат алтыда осы жерде бол, – деді де баппен басып үйіне кіріп кетті.

Түнде қайта-қайта оянып, бесте тұрып алып, жуынып-шайынып, спорттық киімдерімді киініп шыққан бетім.

Қоспанов ағаның қолында шаңғышылардың ұшы үшкір ақ таяғы, басында тоқылған берет.

– Ал, кеттік қарағым, – деп жылдам-жылдам қарыштай басып алға түсіп жүріп кетті. Аудан орталығының сол жақ иығындағы ұзын биік жотаға тік шыққанша жүрегім ауыма тығылып, терлеп жүріп бердім.

Ентігімді басып төңірегіме қарасам санам саф ашылып, ғажап көрініске жанарым тұтылды.

Көкзеңгір аспан шыныдай мөлдір. Түнде төгіп өткен нөсерден көжжасыл шалғындағы шықтар мөлт-мөлт етіп, күнге көзін ашып-жұмып еркелейді. Жұдырықтай құс дәл төбемізде ту биікте көтеріліп барып, қуанышты әуендерін шырқай төгіп, бір орында қалықтап тұрып қалды.

Қара жер жарықтық мұртынан күліп, шуаққа арқасын төсеп, рахаттана керіліп жатыр.

– Азамат сен білмейсің. Он тоғыз жыл бұрын менің әйелім екі баласымен тасқынға түсіп, мерт болды. Мына Есік көлі сұрапыл тасып, үйімізді қаңбақ құрлы көрмей қиратып алып кетті. Инфарк алып ауруханаға түстім, ой мен де кетіп қалармын деуші едім. Дәрігерім ақылымен күнде осылай таңертеңгісін серуендетуді әдетке айналдырып, қатарға қосылдым ғой.

– Анау не? – деп Қоспанов жотаның жоғарғы жағын таяғымен нұсқай көрсетті.

Екі адам сұлай құлап жатыр. Жүрегім тас төбеме шықты.

– Біреулер өлтіріп кетті ме екен? – дегенімде Қоспанов ағай солай қарай жүре бастады.

Көкбуырыл жусаны балақтанған қырқада қыз бен жігіт құшақтасып жатыр екен.

– Әй, мынау Темірғали ғой, – деп жандарына келгенде бірден таныды. Темірғали – бізде істейді, биыл оқу бітіріп келген журналист, сүрбойдақ.

– Қарақтарым, қане тұра қойыңдар! – деп сот төрағасы дауыстағанда екеуі де ояна сала ұялып, қысылып қалды.

– Танды бірге қарсы алайық деп едік... – деп Темірғали шашын сипай күмілжіді. Қыз ұяла түрегеліп, теріс қарап шашын жөндеді.

– Мынау Гүлжан деген медсестра, – деп бойжеткенмен таныстары бастады. Қыздың томпақ беті қып-қызыл боп кетті, жанарын төмен салып, үсті-басын реттей бастады.

– Мына кісі – Қоспанов деген ағамыз. Ал, Азамат Бейбітұлы – жазушы, біздің газеттің бас редакторы – деген Темірғалидің сөзін бөлген Қоспанов:

– Демала беріңдер. Біздер кішкене дене шынықтырып жүр едік – деп олардан арқан бойы ұзап бара жатқанымызда гүрс еткен мылтық даусы естілді.

– Әй, бұл не сонда? – деп Қоспанов шөкелеп отыра қалды. Іле тағы да атылған тарс еткен үн денемізді дірілдетті.

– Кімдер бұл тап атпай атысып жатқан?

Қоспанов ағай беретін баса киіп баспалай жотадан асып, төменге тесіле қарады. Сай табанында төңірегі көкпенбек болып жататын әулие бұлақ бар. Басындағы өскен қарағаштан қысы-жазы шулаған құстар үзілмейді. Түбінен жыламсырап бастау ағады да екі шақырымдай жердегі өзенге жетпей жерге сіңіп кетеді.

Соңымыздан жүгіре басып келген Темірғалидің көзі өткір екен:

– Өне, бұлақ басында екі адам жатыр! – деді. Қорқақтап жақындап, дауыс жетер жерге барғанда:

– Әй, тұрыңдар қане, мылтықтарыңды лақтырыңдар! – деп кезек-кезек айқайлады. Бұлақ басы тым-тырысы. Шошыңған құстар аспанда айналып, ағашқа қайта қона алмай жүр.

Жақындап келгенде байқадым әулиебұлақ жанында екі адам айқасып жатыр. Біреуі сүмбіл шашы жайылып кеткен үріп ауызға салғандай аппақ бойжеткен. Екіншісі қара костюм киген жігіттің бір қолында қосауыз мылтық. Екеуі де қан-қан. Жүрек тұсынан оқ тиген жер қыздың ақ көйлегінің кеуде тұсын қызылқүренге бояп тастаған.

Қоспанов тамырларын ұстап көріп:

– Екеуі де үзіліп кетіпті! – деп басындағы тоқыма беретін шешіп, қолына алды.

– Қайран жастар-ай? – Гүлжан пысылдап жылап жүр. Темірғали еңкейіп:

– Аға, мына қыздың қолында қағаз бар екен! – деді. Қоспанов аға абайлап барып оны алып маған берді.

– Темірғали сендер зымырап барып милицияға хабар беріңдер, біз осында боламыз! – деп еді Гүлжан екеуі қол ұстаса жүгіріп кетті.

– Мен көзілдіріксіз көрмеймін. Мынау хат екен, Азамат, дауыстап сен оқышы, – деп қағазды маған берді. Оны оқығанда үнім дірілдеп, әзер шықты.

«...Райхан екеумізге үйленуге неге рұқсат бермедіңдер? Мені қу кедей деп Райханның әкешесі өлердей қарсы болды. Екеуміздің ата-аналарымыз тәтті шәйге үйіне ақылдасуға барғанда, бір-бірімізбен шөк-шөлкей шығып, әбден қарғап-сілеп ұрсыпты. Сүйектен өтер өмірлік қара таңба боларлық сөздермен балағаттап, қайта көрместей боп әбден ашуланып, долданыпсыңдар. Менің әкешем: «Енді ол қыздың басы алтын, аяғы күміс болса да босағаннан аттатпаймыз» – деп мені тұқыртып, ашуға булығып, зарлап айтқандарын қалай ұмытайын.

Райхан екеуміздің жазығымыз не? Ол да, мен де әке-шешемізден жалынып, жалбарынып, жылап-еніреп қосылуға қаншама рет рұқсат сұрадық. «Жеті атаңнан бері жарымаған қу тақыр кедейсіңдер. Алтындай қызымызды сендерге бергенше, негрге бергенім артық», – деп Райханның шешесі қара тастай қатып осылай дегенде екі қолымызды төбемізге қойып безіп кеттік ғой. Үлкен бір корзина гүл алып Райхандікіне бардым. Бәрі есік алдындағы тапшанда шөй ішіп отыр екен. Менің сәлемімді бірі алмай сұрланған әке-шешесі қызын екі жақтап жетелей үйге кіріп кетті де, Іле ауылында қойма меңгерушісі болып істейтін әкесі қайта шықты. Қолында қосауыз.

– Әй, жарымаған жүгермек. «Қатын аламын десең отын ал» деген. Қызыма жолама, атып тастаймын – деп қалшылдап, жынданып мылтығын кеудеме кезеп, мен әкелген корзина гүлді бір тепті. Қызыл ала гүлдер ауласында шашылып қала берді. Мені итше қуып шықты.

Жігерім қара жер боп қайттым ғой. Райханды бөлек бөлмеге қамап, үйінен шығармай аңдып күзетіп ұстады.

Міне, бүгін Райханым – жаным ұрланып қашып шығыпты. Әке-шешелері көрші облысқа туыстарының тойына келіпті. «Сені осымен әкем атып тастауы мүмкін. Бір жерге тығып тастайық» – деп қосауызды ала келіпті.

Райхан, сенсіз өмір жоқ маған. Сені сол көрші облыстағы туыстарың арқылы ұзатпақ болып жанталасып жатқанын жылап отырып айтың ғой. Екеуміз әулиебұлақ басына келіп көп сөйлестік. Біз үбірлі-шүбірлі боламыз, осы ауылда үй саламыз, көбейеміз, өсеміз деп талай армандадық қой.

Райханды бауыры, шешесі жеке бөлмеге тығып, әбден ұрып-соғыпты. «Қу тақыр кедейге бермейміз. Онда сирағынды жағып, қайыршы күн боп өлесің» – деп долданыпты. Екеумізге де мына жарық дүниеде орын жоқ екеніне көзіміз жетті. Ақыры жылап отырып, о дүниеде бірге болайық деп анттастық.

Қош бол, қайран құштар ақ қанат махаббатымыз!

Қош бол, тіршілік!

Қош бол, қайран бізден тарамай жатып, көз жұмған үрім-бұтақ – ұрпақтарымыз!

Өтінішіміз Райхан екеумізді қатар жерлеңіздер, бейітте мәңгілік берге жатайық! Бұл соңғы тілек-аманатымызды орындаңыздаршы... Махаббатқа зорлық, қорлық жүрмейді.

*Жеңіс, Райхан.
18 сәуір, 1981 жыл» – депті.*

– Қайран қыршындар-ай! – деп ағам жүрелеп отырып, Құран оқыды. Менің көмейіме ашы өкіс қиғылып, егіл-тегіл жылпай алмай марқұм екеуіне көзім боталап қарай бердім...

Қоспанов аға тізесін қағып орнынан тұрды. Азан-қазан үн шығарып милиция, жедел жәрдем машиналары келіп, қан-қан болып жатқан екеуін алды да кетті.

Оңбай қатты құладым. Ес-түссіз ауруханаға алып келіп, ары-бері қарап, дереу операцияға дайындапты. Салдыр-гүлдірден ояна кеттім. Екі медбике дөңгелекті зембілмен зырылдатып алып бара жатыр екен.

– Қалқаларым-ау, қайдамын? – дедім жан-жағыма қарап.

– Ата, әйтеуір есіңізді жиыңыз-ау. Операция бөлмесіне апарамыз.

Ақырын байқап қарасам тұттай жалаңаштырып, үстімдегінің бәрін шешіп алыпты. Ота жасайтын бөлме сүттей аппақ, самсаған шамдары жарқырап, көз қарықтырады.

– Қанша уақыт есімді білмей жаттым?

– Сіз бізге түске салым сағат он екіде түстіңіз. Қазір сағат алты. Бүкіл анализ, қаныңызды тексердік...

– Маған енді операция жасай ма?

– Аға, сабыр сақтаныз. Бәрі ойдағыдай болады – деп мені абажадай төбесінен төніп тұрған шарайна секілді электр шамының астына әкеп жатқызды. Осындағы екі-үш ақ халаттылар оң қолымды байлап, пысылдаған жәшікке қосты. Бақайлап қарасам қан қысымды көрсететін аппарат болып шықты. Сол жақ білегімдегі көк тамырға ине салып, шұбырған түтікшелермен сұйық дәрілерді жібере бастады.

– Ата, қорқып кеттіңіз бе? Қысымыңыз көтеріліп тұр. Ештеңе уайымдамаңыз, көресіз әлі шауып кетесіз? – деп егде біреуі бетіме үңіле қарады.

– Наркоз бересіздер ме?

– Әрине, олсыз болмайды. Еш қапа болмаңыз.

Хирургтер бізде өте мықты. Бүгіннің өзінде кеш батқанша он үш адамға операция жасалынды. Қазір олар келе жатыр, – деп бір жақ көзінің астында қалы бар келіншек мені тыныштандыра бастады.

Тапырақтап бір медбике жүгіріп кіріп:

– Жаңа осынан апарылған әйелдің жүрегі тоқтап қалды, – деді дауыстай.

– Өліп қалды ма? – деп қалды келіншек қайта сұрады.

– Иә, өліп қалды. Бәрі ренимацияда, сол жерде, сендерді тез келсін деп шақырып жатыр.

– Мына Азамат Наурызбаевты не істейміз?

– Ата есін білмейді ғой, жата тұрсын – деген медбикеге жауап беріп те үлгермей бәрі асығыс-үсігіс сыртқа жүгірді.

Суық жаман ой сумаң етіп санамды осып өтті. Мына пышпақтан жетпіс беске келіп қаусап тұрған мен аман қаламын ба? Жүрегім өрекіпп, бұрқ етіп қара тер көмді. Қайран жарық дүние не деген ыстық едің? Қазір ұзаса ет пісірім уақыт ішінен кейін мүмкін мен де мәңгілікке көз жұмармын. Түбі шалақ дүние дегенің осы ма? Дүрия дүрмекпен өмірім жайлы таразылап көрмеппін. Жетпіс бес жыл атой салып кеудемде ғұмыр сыйлаған жүрек міне шаршап, шалдығып, дірілдеп соңғы сәттерін өткізуде ме? Көңіл түкпірінде зілбатпан өкініш, қара тастай мұң жатыр. Әлі де қара жер басып жүре тұрсам деп қамығып, қайысқаным-ай...

Бітіре алмай жүрген романымды жазып шығарсам, орысшаға, шет тіліне аудартам... Анау отызға келсе де үйленбей жүрген немеремді аяқтандырып, келін түсірсем...

Іңгәлап осы ғұмырға жылап келіп, міне жападан-жалғыз кемсеңдеп қайран тіршілікті, жарық дүниені қимаймын-ау... Бұл дүниені көріп-білуге келген жай бір саяхатшы секілді жүріп-жүріп келіп, жалғаннан үзіліп мәңгіге кете бермекшімін бе?!

Қамшының сабындай келге ғұмыр деген осы екен ғой. Алысып-жұлысып, арпалысып, тыным таппай дөңгелеген дүниеде зыр қағып дедектеп жүріп жеткен жерім осы ма сонда?

Бір тірі жанға, ет жакындарына «Қош болыңдар!» деп айта да алмай біржола жүріп кетпек пе?

Көзімнен төгілген жасты сүртеіін десем екі қолым да байлаулы. Пыс-пыс еткен аппаратта қысымым төмендеп барады. Токсан да алпыс. Жан адам жоқта жан тапсырып кетермін мүмкін?

Ей, пенделер! Көшеде алшаң басып, айқайлай сөйлеп, қарқ-қарқ күліп жүрген сендер нағыз бақытты жансыңдар!

Міне, китұрқы, қатпарлы өмірмен мүмкін мәңгі қош айтысайын деп жатқан мүсәпір менің ойым онға, санам санға бөлінді.

Қалы бар медбике жүгіріп кіріп:

– Хирургтер келе жатыр. Мә, қан қысымыңыз төмендеп кетіпті ғой. –Ата, қайғырып жыламаңыз, – деп дәкемен бет-ауызды сүртіп, дәрі екті.

Апыр-топыр бір топ аузы-мұрнын тұмшалап, басына да, үстіне де көк халат киген дәрігерлер кірді.

– Наурызбаев қалай? – деп еді медбике тықылдап бәріні айта бастады.

– Анастезиолог іске кірісіңіз –

– Ата, қалайсыз, – деді шаңырақтай көзілдірікті үстіме төніп келіп – Қазір қысымыңызды қалпына келтіреміз, сосын наркоз береміз – деді жұмсақ үнмен.

Анадай жерден хирургтердің құрал-жабдыққа толы қорапшасын сүйретіп әкеп жаныма қойды. Аппақ неше түрлі пышақ, қайшы, сан түрлі саймандар шамға шағылысып жарқ-жүрк етеді. Кенет, мыым солк ете түсті де астафралла, баяғы әулиебұлақ басындағы Жеңіс пен Райхан көз алдыма тұра қалды.

Ау, одан бері айлар алмасып, жылдар жылжып, қаншама уақыт өтті?

Сол жылы күзде біз де Алматыға көшіп кеткенбіз. Ұмытылған жайт, қалай ғана есіме оралды?

Көкпенбек зеңгір аспанда жүр екенмін, дәл алдымнан қол ұстасқан жайнаған қыз-жігіт шыға келді. Екеуі де мәз-мейрам, арқа-жарқа жастық буына бөленіп, маған әлденелерді айтады. Бірақ мен естімеймін... –Иә, дәл солар ғой...

– Ау, қарақтарым сендер Жеңіс пен Райхан емеспісіңдер?..

Олар сол қол ұстасқан күйі тік аспанға көтеріліп, анау ақша бұлттарды жарып өтіп барады. Екі ғашық сол зеңгір биікте кері бұрылып, қол бұлғайды. Өзіме-өзім сене алмай тұрмын, екеуінің де өкпе тұстарында аппақ ақ күмістей қос қанаттары пырылдап бұлттардан ары серпіп тұр. Дүние түгел ақмұнарға бөгіп, санам сағымданып барып, мүлде өшті.

...Есімді жия алмай біраз жаттым. Әзер дегенде көзімді ашсам, аузы-мұрына түтік салып тастаған. Тас бөлмеде кондиционер ұрып тұр, тап-тастай, дірдектеп жаурап жатырмын. Бүкіл денем менікі емес секілді, төсімді жарып, жүрекке операция жасату өлімге бір табан барып қайту деген сөз. Менің жасымда екінің бірі шыдай бермейді-ау. Аллаға шүкір, көрер күнім бар екен, тәубе, тәубе!

– Атамыз ояныпты – деді қалды медбике бетіме үңіліп. – Операция өтті, енді жүзге дейін шауып кетесіз, ата! Бұл бөлмені әдейі суық тастай етіп

ұстаймыз. Операциядан кейін осында естерін жинайды.

Қасымда орап тастаған екі адамды байқадым. Зырылдауық дөңгелекті зембілмен ренимация палатасына әкеліп жатқызды. Білегіме қайта-қайта дәрі салады, ұйқы ұйығына батып жатам да қоям.

Ертесіне таңертеңгілік қана аузы-мұрнымдағы түтіктерді алды.

– Мен сізге ота жасаған дәрігеріңіз боламын, - деді кеудемді ашып көріп жатқан мосқал мұрынды жігіт ағасы. – Операция жасар кезде Жеңіс, Райхан деп айқайлай бердіңіз ғой. Балаларыңыз ба, жоқ немерелеріңіз бе?

Сол сәтте кешегі анау ақша бұлттар арасында ақ қанатты ұшып жүрген қос ғашық бейнесі есіме сарт ете оралды.

– Мұндай кезде жүрегіңізге ең жақын жандар еске түседі. Галактикалық, ғарыштық тылсым күш ол. Сізге рух, қуат күш, жігер беретін жандар олар. Үндей алмадым, лықсып көзімнен жас төгіліп кетті.

– Ата, ештеңе етпейді, жүрегіңізге қосымша қуат беретін препарат орнатып береміз. Ештеңе уайымдамаңыз, бәрі жақсы, ата! – деп сылап-сипай шығып кетті.

Ең қиын жерде – өмірім қыл үстінде тұрған ауыр сәтте баяғыда менің орда бұзатын отыз жасымда анау әулиебұлақ жанында атылып қалған қос мұңлық санама оралып, есіме түскені несі?

Бір жұмадан кейін ғана тұрып, жүруге шамам әзер жетіп, жай палатаға ауыстырды. Қасымдағы сақал-мұрты аппақ қаудырап өсіп кеткен шомбал қара кісі іші пысқан ба әңгімешіл болып шықты. Бұл молда шалға баяғы атылып кеткен қос мұңлықтың дәл операция үстінде есіме кенет орала кеткенін қайран қалып айтып бердім.

– Апырай-ә? Олар періштелер ғой. Ақ қанат періште болып аспанда ұшып жүр екен жарықтықтар. Сені қолдап, қорғаған сол әруақтар ғой – деп молда бетін сипады.

– Ойпырым-ай, десенші... Өмір мен өлім арасында не боламын деп жатқанымда сол қос ғашық тура өңімдегідей алдыма келе қалды ғой. Бұл қалай, соған әлі таңмын.

– Кел онда мен оларға арнап Құран бағыштап жіберейін, – деп ақ сақалды молда төсегінде шарта жүгініп отырып алып, екі көзін тарс жұмып құйқылжыта дұға оқыды.

– Анау сол жотада түнеп, таңды қарсы алған қыз бен жігіт үйленді ме? – деп оналғаннан кейін сұрағанда олар жайлы хикаяны да тәптіштеп айтып бердім.

Темірғали мен Гүлжан күзге қарай үйленеміз деп көңілі баладай, пейілі даладай, мәз-мейрам бір-біріне ынтық болып жүргеніне сүйсінетінбіз. Гүлжан аршыған жұмыртқадай аппақ, жүрісі тіп-тік, ұзын бойлы бойжеткеннің көріктісі еді. Шымкент жаққа нағашыларына тойға барғанда бір милиционер жігіт алып қашып кетіпті. Темірғали бұл тасбауыр тағдыр тәлкегіне шыдай алмай морт сынып, күйреп, құларшасы шықты. Өкініш- нала, ашу-ызасын басамын деп арақ ішті, күндіз-түн аузы босамай ащы заһар суға уланып, кәдімгі мыж-мыжы шыққан маскүнемге айналды. Жұмысқа келмей қызметінен айрылды. Қандай дарынды кескіні келіскен жігіт біржола құрдымға құлады.

Қақаған қыста ескі бұзылған монша ішінде бір топ алқаштармен шатақтасып, біреуі кірпішпен басынан ұрып, жарып, тастап кетіпті. Қайран елгезек тұма талант қор болып солай дүниеден жап-жас қалпында баз кешті. Гүлжандай ғашығына қолы жетпей, айырылып қалғанына өлердей опырылып күйіп кетті, біржола өртеніп кетті.

Ауруханада жатқан жиырма күн бойы Жеңіс пен



Жас қалам

Батып бол!



Моу Қазақстан

Широкие степи под небом синим,
Звучит гордо имя – Казахстан!
Здесь мир и дружба живут едино,
И светлый путь у страны – не обман.

В единстве-сила, в сердцах-отвага,
И солнце льёт золотой свой свет.
Мы любим Родину – наша сила!
И лучше Родины в мире нет!

Мы помним путь – непростой, великий,
Когда мечтой жил каждый народ.
И верой, трудом, в руках великих
К вершинам свободы страна идёт.

Под мирным небом растут поколения,
Им дарит Родина добрый свет.
В сердцах живёт её вдохновенье –
И выше идеала нет!

Гремят просторы, цветут долины,
Стремится в будущее народ.
И пусть года, как реки, слились –
Нас вера к счастью вперед зовёт.

Пусть процветает земля святая,
Где звонкий смех и нелегкий труд,
С Днём Республики всех поздравляем –
Пусть счастье, мир и добро живут!

И будет сильным мой Казахстан,
Моя гордость, опора, судьба моя.
Пусть каждый день, словно новый рассвет,
В себе достаток и благо несёт!

Ангелина БУРАБАЕВА,
ученица 7 «Г» класса, праправнучка Бурабаева
Зейнелла Дюйсенгалиевича, бывшего директора СШ
села Мынбаева, ветерана Великой
Отечественной войны.



Жастарға мүмкіндік

Ұрпақтар келісімшарты – бұл зейнеткерлік жастағы жұмыс істейтін қызметкерлердің жинақталған тәжірибесі мен дағдыларын беру үшін арнайы құрылған жұмыс орны.

Ұрпақтар келісімшартына 35 жастан аспаған, оқу орындарын 3 жыл бұрын бітірген тұлғалары қатыса алады.

Жұмыстың ұзақтығы 6 айдан аспайды, аяқталғаннан кейін қатысушыға тұрақты жұмыс орны беріледі немесе ол зейнеткерлік жасқа толған қызметкерді алмастырады.

Жалақы кемінде 30 айлық есептік көрсеткішті (АЕК) құрайды.

Жолдама алу үшін тұрғылықты жеріңіз бойынша «Мансап» орталығына жүгіну қажет.

«Мансап» орталығының байланыс телефон номері: 21166.

Тіркеілген жұмыссыздар Enbek.kz порталындағы бос жұмыс орындары да таңдай алады.

Enbek.kz сайтынан.



Егер сіз зорлық-зомбылыққа, қатыгездікке тап болсаңыз немесе бала қауіпсіздігіне қатер төнгенін байқасаңыз, Психологиялық қолдау орталығына жүгініңіз. Мамандар балалар мен ата-аналарға кәсіби көмек көрсетіп, құпиялылықты және қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Аталған орталықтардың қызметі Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспар аясында жүзеге асырылуа.

– Жаңа мектепке ауысқанда қандай өзгеріс байқайды?

– Жаңа мектеп – сапалы білімге жол ашатын, болашаққа нық қадам басуға мүмкіндік беретін білім ордасы. Осындай ортада оқу – үлкен қуаныш әрі жауапкершілік.

Ескі мектептен жаңа мектепке көшкенде бәрі өзгеше сезілді. Алғаш кірген сәттен-ақ кең де жарық ғимарат, заманауи жабдықталған сыныптар, таза әрі жайлы дәліздер көз тартады. Мұнда оқу мен тәрбиеге ерекше көңіл бөлінетіні бірден байқалды.

Жаңа мектеп – жаңа бастама, жаңа орта. Мұғалімдер талапты, тәртіп қатал, бірақ бәрі оқушының болашағы үшін жасалған. Әр сабақта білімге деген қызығушылық артып, оқушылардың өз ойын еркін жеткізуіне мүмкіндік бар.

Сыныптар әдемі безендірілген, оқуға ынта тудыратын атмосфера орнаған. Әр бұрыштан ұқыптылық пен тәртіп байқалады. Бұл – тек жаңа ғимарат емес, білім мен мәдениеттің жаңа деңгейі.

Жаңа мектепке ауысқанда ең алдымен тәртіп пен талаптың күшейгенін байқадым. Сабақ беру тәсілі де өзгеше – мұғалімдер заманауи технологияларды қолданады, оқушылардың пікірін тыңдап, белсенді болуға шақырады. Сыныптар кең әрі жарық, қажетті құрал-жабдықтардың бәрі бар.




Осындай қолайлы орта мені оқу мен тәртіпке бұрынғыдан да жауапкершілікпен қарауға үйретті.

Мұндай білім ордасында оқу – үлкен қуаныш әрі жауапкершілік. Жаңа мектеп – сапалы білімге жол ашатын, болашаққа нық қадам басуға таптырмас мүмкіндік!

Айзере МҰРАТ,
10 «Г» сынып оқушысы.

«Life Style»



Қазіргі заман жастары – белсенді, ізденімпаз және шығармашыл. Бірақ оқу, жұмыс, достар мен әлеуметтік желі арасындағы тепе-теңдікті сақтау оңай емес. Сол үшін біз сен үшін өміріңді жеңіл әрі өнімді ететін 10 қарапайым лайфхак жинадық!

РОМОДОРО ӘДІСІМЕН ОҚЫ

25 минут сабақ оқы, 5 минут демал. Ми шаршамай, есте сақтау қабілетің артады.

ТАҢЕРТЕҢ КІТАП ОҚЫ

Күніңді пайдалы бастау үшін таңғы 10 минут кітапқа арна. Бұл миыңды «оятады» және ойыңды жинақтайды.

МАҚСАТЫҢДЫ ЖАЗЫП ҚОЙ

Телефон экранында немесе үстелдің үстінде мақсаттар тізімі тұрса, мотивацияң ешқашан сөнбейді.

«50/30/20» ЕРЕЖЕСІН ҚОЛДАН

Табысыңның 50%-ын қажеттілікке, 30%-ын қалауына, 20%-ын жинаққа бөл. Осылай қаржылық еркіндікке қадам жасайсың.

КҮН САЙЫН 500 ТЕҢГЕ ЖИНА

Кішкентайдан бастау – үлкен нәтижеге жеткізеді. Бір жылда 180 000 теңге жиналады!

ТАҢЕРТЕҢ 5 МИНУТ СОЗЫЛ

Бұл қарапайым әдет күні бойы сергек жүруге көмектеседі.

КҮНІНЕ 2 ЛИТР СУ ІШ

Су – энергия мен сұлулықтың кілті. Денсаулығың жақсарып, көңіл күйің көтеріледі.

«DIGITAL DETOX» КҮНІ

Аптасына бір күн әлеуметтік желіден үзіліс ал. Сол күні өзіңмен, достарыңмен және табиғатпен байланыс орнат.

ТЕЛЕФОНДЫ ТҮНДЕ БАСҚА БӨЛМЕГЕ ҚОЙ

Ұйқы сапасы артады, таңертең ерте тұру жеңілдейді.

ЖЫЛ САЙЫН ЖАҢА ДАҒДЫ ҮЙРЕН

Биыл – бағдарламалау, келесі жылы – сурет салу. Әр жаңа қабілет – өзіңе инвестиция.

Кішкентай қадамдар үлкен нәтижеге апарады. Ең бастысы – бүгіннен бастау! Өміріңді жеңілдет, өзінді дамыт, алға ұмтыл, жас достым!

«Атамекен-акпарат».

Жарқыра!



QR-ды сканерлеп, саулнамаға өт:

"АУДАНДА ЖАСТАРҒА ТАҒЫ НЕ ҚАЖЕТ?"

– Ауданда жастарға жасалып жатқан қандай жаңашылдықты білесің?



– Қазір жастар үшін ең бастысы – өзіне қызық, пайдалы әрі демалуға болатын орындардың болуы деп ойлаймын. Себебі сабақтан кейін немесе демалыс күндері достармен кездесіп, серуендеп, көңіл көтеретін жер табу біз үшін өте маңызды.

Біздің аудан туралы айтсам, жастардың қыдыратын, уақыт өткізетін жерлері аз. Кешке қарай қайда барсаң да, дұрыс серуендеуге арналған орын табу қиын. Осы жағы кейде көңілге қаяу түсіреді. Бірақ қуанышты жаңалық – қазір аудан орталығында жаңа парк салынып жатыр. Бұл бәріміз күткен жаңалық десем артық емес. Парк дайын болғанда, жастар үшін таза ауада серуендеп, суретке түсіп, достармен бас қосуға тамаша мүмкіндік туады.

Сонымен қатар ауданымызда ойын-сауық орталықтар, яғни кинотеатр, ойын залдары немесе коворкинг сияқты жастарға арналған кеңістіктер болса деймін. Онда жастар шығармашылықпен айналысып, идеяларымен бөлісіп, түрлі іс-шаралар өткізсе, ауданымыз жанданар еді.

Жалпы, жастарға көп нәрсе керек емес – тек қолдау мен жағдай жасалса болғаны. Заманауи саябақтар, демалыс орындары, спорт пен мәдениетке арналған кеңістіктер көбейсе, ауданымыздағы жастардың белсенділігі де, өмірге деген құлшынысы да арта түсері анық.

Аяулым АЙДАРҚЫЗЫ,
студент.
Ұзынағаш ауылы.



Жақында өтетін іс-шаралар АФИШАСЫ:



1. Global Socializing in Almaty

Қашан: 2025 жылдың 26 қазаны, жексенбі, сағат 20:30 – 23:30

Қайда: Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы 125.

Не: Еркін форматтағы халықаралық кездесу – жастарға арналған бейресми сұхбат алаңы. Ағылшын тілін үйреніп жүргендерге және жаңа таныстар іздейтіндерге өте қолайлы.

Кімге: Тіл үйренушілерге, шетелдік мәдениетке қызығатын жастарға.

2. mzlff концерті

Қашан: 2025 жылдың 31 қазаны, сағат 17:00-де

Қайда: Алматы қаласы, Назарбаев даңғылы 50, «Motor» клубы.

Не: Заманауи рэп және хип-хоп бағытындағы концерт. Жаңа тректер мен танымал хиттер орындалады.

Кімге: Музыка мен заманауи жастар мәдениетін ұнататындарға.

3. BookFest – Кітап фестивалі

Қашан: 2025 жылдың 1-31 қазан аралығы

Қайда: Алматы қаласы, «Meloman Grand» дүкені, Гоголь көшесі № 58.

Не: Авторлармен кездесу, шеберлік сабақтары, лекциялар және кітаптарға жеңілдіктер.

Кімге: Әдебиет, мәдениет пен шығармашылықты сүйетін жастарға.

4. Республика күніне арналған мерекелік іс-шаралар

Қашан: 2025 жылдың 25 қазаны

Қайда:

• Жібек жолы – Панфилов – Байсейітова көшелерінің қиылысы (қолөнер жәрмеңкесі, сағат 10:00 – 18:00-де)

• Абай даңғылы 159 (мини-футбол, волейбол, дзюдо спорттық фестивалі)

Не: Мерекелік жәрмеңке, концерттер мен спорттық жарыстар.

Кімге: Отбасылық серуен мен достық кездесуге тамаша мүмкіндік.

5. Andrea Bocelli (Андреа Бочелли) Алматыда

Қашан: 2025 жылдың 28 қазаны, сейсенбі, сағат 20:00-де

Қайда: Алматы қаласы, «Almaty Arena»

Не: Заманауи музыканың ең сүйікті теноры – әлемге әйгілі дауыс иесі Андреа Бочелли өнер көрсетеді. Отыз жылдан астам шығармашылық жолында Андреа Бочелли 90 миллионнан астам альбом сатып, әлем бойынша 16 миллиардтан астам тыңдалым жинаған. Оның шығармашылығы италиялық мәдениеттің символына айналды, ал 2020 жылы Миланның Дуомо соборынан тікелей көрсетілген «Үміт үшін музыка» концерті барлық уақыттағы ең танымал музыкалық трансляциялардың бірі ретінде тарихта қалды.

Кімге: классикалық музыканы сүйетін қауымға

6. Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» аумағы бойынша экскурсия

Қашан: Дүйсенбі – Жұма сағат 09:00 – 13:00 / 14:00 – 18:00-де

Қайда: Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы 176, Қазақфильм

Не: экскурсия

Кімге: әртүрлі жастағы адамдарға

7. «ҚАРА» спектаклі


Қашан: 2025 жылдың 27 қазаны, дүйсенбі, сағат 19:00-де

Қайда: Алматы қаласы, Абай даңғылы, 103, М. Әуезов театры (үлкен зал).

Не: қойылым

Кімге: театр сүйер қауымға

Ауданымызда өтетін шаралардың әлі дәл уақыты белгіленбегендіктен жарияламай отырмыз.



Қазіргі заманда сапалы білім – табысты өмірдің кепілі. Сол білімнің биігінен көрініп жүрген, заманауи үлгіде және жаңа технологиялармен жабдықталған іргелі оқу орындарының бірі – Нархоз колледжі. Бұл оқу орны – жастардың арманын қанаттандырып, кәсіби білімі мен өмірлік тәжірибесін ұштастыратын білім ордасы.

Білім мен болашақтың бастауы – NARXOZ колледжі



Колледждің бас директоры Абайдуллаев Мақсат Серікболұлы – жас ұрпаққа сапалы білім беру ісін жаңа деңгейге көтеріп жүрген білікті басшы. Оның көреген басшылығының арқасында колледж оқу процесін заманауи талаптарға сай ұйымдастырып, студенттерге барынша қолайлы жағдай жасап отыр.

Колледжге құжаттарымды тапсыру кезінде мені жылы қабылдап, дұрыс бағыт көрсеткен, жігерлендірген директордың бірінші орынбасары Оспанкулов Ернұр Ерденұлы еді. Оның жылы сөзі, студенттерге деген қамқорлығы мен қолдауы әр жастың жүрегінде ерекше әсер қалдырады.

Бүгінде мен маркетинг факультетінің студентімін. Бұл мамандық – заманауи экономиканың өзегі. Біздің факультетте топтасқан студенттер өте ұйымшыл, бір-біріне қолдау көрсетіп, білім мен ізденісті серік еткен жандар.

Әр студенттің жанына жылу сыйлап, дұрыс бағыт беріп жүрген кураторымыз

Дариға Сайлеаханқызына ерекше алғыс айтамын. Ол біздің тек ұстазымыз емес, шабыт сыйлар рухани жетекшіміз.

Нархоз колледжі – тек білім ордасы ғана емес, үлкен отбасы. Мұнда әр ұстаз шәкірт жүрегіне сенім ұялатып, болашағына жол ашады. Оқытушылардың кәсіби біліктілігі мен адамгершілік қасиеті – колледждің ең басты байлығы.

Мен бізге білім мен тәрбие беріп жүрген Нархоз колледжінің барлық ұстаздарына шексіз алғыс айтамын. Сіздердің әр сабағыңыз – біз үшін өмірлік сабақ. Сіздердің төзімдеріңіз, мейірімдеріңіз, біліміңіз бен қамқорлығыңыз – біздің болашағымыздың іргетасы. Еңбектеріңіз еленіп, шәкірттеріңіздің жетістігі сіздерге қуаныш сыйласын!

Нархоз колледжінің абыройы – сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің жемісі!

Нұрлыбек БАШЕК,
МРК-131 тобының 1 курс студенті.

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – БАСТЫ НАЗАРДА

Жамбыл ауданында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және жасөспірімдермен жұмысты жетілдіру мәселесіне арналған кеңейтілген жиналыс өтті. Іс-шараға аудан мектептерінің ата-аналар комитеттерінің мүшелері, ұстаздар қауымы және тиісті сала өкілдері қатысты.

Жиынның мақсаты – жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыру, тәртіп бұзушылықтың алдын алу, сондай-ақ ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін күшейту болды.

Жиналысқа Жамбыл ауданы әкімінің орынбасары Әділбек Қамбарұлы, аудан прокуратурасының прокуроры Джанадил Султансулейман Дәулетұлы, аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы, полиция подполковнигі Сырым Келісұлы Әшімханов, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Айткүл Жұмағалиқызы Медеуова, аудандық білім бөлімінің басшысы Алтынбекова Светлана Амантайқызы және жастар ресурстар орталығының жетекшісі Балжан Ерболқызы Досалы қатысты.

Алғаш болып сөз алған аудан прокуроры Джанадил Султансулейман Дәулетұлы «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық: себептері мен салдары» тақырыбында баяндама жасап, құқық бұзушылықтың туындау себептеріне, оның әлеуметтік және психологиялық салдарына тоқталды. Ол жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру мен отбасылық тәрбие рөлін күшейтудің маңыздылығын атап өтті.

Кездесу барысында «Құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары және жасөспірімдермен жұмыс тәжірибесі» атты бейнеролик көрсетілді. Онда аудан мектептеріндегі алдын алу шаралары мен жастар арасындағы құқықтық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмыстар қамтылды.

Сонымен қатар ағымдағы жылдың қаңтар айынан бастап Жамбыл аудандық полиция



басқармасының ювеналды полиция тобының қызметкерлері жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу мақсатында «Жасөспірім», «Балалар – түнгі қалада», «Қоғамдық тәртіп», «Абайлаңыз, балалар!» атты бірқатар жедел профилактикалық іс-шаралар өткізілетінін хабарлады.

Бұдан бөлек, аудан бойынша 64 мектеп пен 2 арнайы орта білім беру мекемесінде оқушыларға есірткінің зияны, бопсалау мен буллингтің алдын алу, алкоголь мен темекі өнімдерінің адам денсаулығына кері әсері тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жиын барысында аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Айткүл Жұмағалиқызымен жастар ресурстар орталығының жетекшісі Балжан Ерболқызы, сондай-ақ мектеп директорлары мен ата-аналар өз пікірлерін ортаға салып, жасөспірімдердің тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелерді талқылады. Жиынды қорытындылаған аудан әкімінің орынбасары Әділбек Қамбарұлы балалар мен жастардың бойында құқықтық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмыстардың жалғаса беретінін атап өтіп, мектеп пен ата-ананың өзара байланысын нығайтуға шақырды.

А.ТАСҚАРҰЛЫ
АТАМЕКЕН

Мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз ету – мемлекеттік аппараттың тұрақтылығы мен тиімді жұмысының маңызды кепілі. Осы бағытта Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті 2025 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша әлеуметтік кепілдіктердің сақталуына талдау жүргізді.

Талдау нәтижелері облыстық Әдеп жөніндегі кеңестің отырысында қаралып, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманың сақталу деңгейіне баға берілді.

Мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік кепілдіктері: сақталу деңгейі мен анықталған мәселелер

Еңбек демалысы мен сауықтыру жәрдемақысы
«Мемлекеттік қызмет туралы» Заңға сәйкес, әр мемлекеттік қызметшіге жыл сайын кемінде 30 күнтізбелік күн еңбек демалысы мен екі лауазымдық айлықақы мөлшерінде сауықтыру жәрдемақысы төленуі тиіс. Алайда жүргізілген талдау бұл талаптардың барлық жағдайда сақтала бермейтінін көрсетті.

2025 жылдың тоғыз айында облыс бойынша 389 мемлекеттік қызметші еңбек демалысына шыққан. Оның ішінде 60 қызметшіге еңбек демалысына ақы заңда белгіленген мерзімнен кешіктіріліп төленген. Бұл барлық демалысқа шыққандардың 15,4 пайызын құрайды.

Аталған бұзушылықтар жиі кездескен органдар: Жамбыл, Қарасай және Еңбекшіқазақ аудандарының әкімдері аппараттары.

Іссапар шығындарының өтеуі
Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік іссапар шығындарын толық және уақытылы өтеу – заңмен бекітілген тағы бір әлеуметтік кепілдік. Алайда, талдау нәтижесі бойынша, бұл бағытта да бірқатар олқылықтар бар.

2025 жылдың тоғыз айында облыс көлемінде мемлекеттік қызметшілер 782 рет іссапарға шыққан. Оның ішінде 102 іссапарда тиесілі төлемдер уақытында жүргізілмей, іссапар кезінде немесе кейін төленген. Бұл барлық іссапарлардың 13 пайызын құрайды.

Талдау көрсеткендей, бұл талаптар барлық мемлекеттік органдарда бірдей сақталмаған. 2025 жылдың 9 айында жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілері 782 рет іссапарға жіберілген. Оның ішінде 102 іссапарда тиесілі төлемдер уақытында жүргізілмей, іссапар кезінде немесе кейін төленген, бұл барлық іссапардың 13%-ын құрайды.

Мұндай бұзушылықтар жиі кездескен органдар: Іле, Балқаш, Еңбекшіқазақ және Қарасай аудандарының әкімі аппараттары.

Мамандардың айтуынша, бұл жағдай тек қызметшілердің әлеуметтік құқықтарын шектеумен шектелмей, мемлекеттік органдардағы ұйымдастырушылық әлсіздік пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін арттыруы мүмкін.

Жалпы, жүргізілген талдау мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік кепілдіктерін сақтау деңгейі бірқатар өңірлерде әлі де жеткіліксіз екенін көрсетті. Еңбек демалысына ақы төлеу мен іссапар шығындарын өтеу бойынша тәртіп бұзушылықтар жүйелі сипат алып отыр. Әдеп жөніндегі кеңес бұл бағыттағы заңнаманың орындалуына қамтамасыз ету мақсатында барлық мемлекеттік органдарға еңбек және әлеуметтік кепілдіктердің сақталуын күшейту жөнінде ұсынымдар енгізді.

Әділ БАҚДАУЛЕТҰЛЫ,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы.

НАСЛЕДСТВО

*** Открылась наследственная масса после смерти Каржанова Аскербай Курмангалиевича, 02 декабря 1967 года рождения, умершего 30 сентября 2025 года. Наследников просим обращаться к нотариусу Сыдыковой Сандугаш Канатовне по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, село Узынагаш, улица Саурык батыра 183 «А», до 30 марта 2026 года.

*** Открылась наследственная масса после смерти Манапбаева Аликен Каптагаевича, 24 августа 1973 года рождения, умершего 11 октября 2025 года. Наследников просим обращаться к нотариусу Сыдыковой Сандугаш Канатовне по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, село Узынагаш, улица Саурык батыра 183 «А», до 11 апреля 2026 года.

*** Открылась наследственная масса после смерти Турдиева Ахмета, 4 марта 1940 года рождения, умершего 5 мая 2025 года. Наследников просим обращаться к нотариусу Сыдыковой Сандугаш Канатовне по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, село Узынагаш, улица Саурык батыра 183 «А», до 5 ноября 2025 года.

*** Открылась наследственная масса после смерти Жубанова Калижан Жусипбековича, 8 июля 1971 года рождения, умершего 26 сентября 2025 года. Всех наследников просим обратиться к нотариусу Тегенбаеву Асхату Жайыковичу, по адресу: с. Узынагаш, ул. Сүйінбай, дом 29/8. Тел: 8 705 809 00 70 до 26 марта 2026 года.

*** Открылась наследственная масса на имущество после смерти Кожаяева Серика Кадыровича, 6 июля 1952 года рождения, умершего 25 апреля 2023 года. Наследников прошу обратиться к нотариусу нотариального округа Алматинской области Баймбетовой Салтанат Мухаметкалиевне, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, село Узынагаш, улица Караш батыра 115 «А».

*** Открылась наследственная масса на имущество после смерти Естемесовой Кайша, 15 июля 1935 года рождения, умершей 24 августа 2011 года. Наследников прошу обратиться к нотариусу нотариального округа Алматинской области Баймбетовой Салтанат Мухаметкалиевне, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, село Узынагаш, улица Караш батыра 115 «А».

ТАПСЫРЫС АЛАМЫН

ГАЗ пешін орнатамын және тазалаймын, сантехникалық және жылу құбырларын, жылы еден (теплый пол) жүргізу жұмыстарын жасаймын. Электрмен дәнекерлеу (электросварка) жұмыстары бойынша хабарласуға да болады.

Тел: 87474606295. Дәурен.

Қоғамдық тыңдау

«Нұрлы Тас» ЖШС Алматы облысында, Жамбыл ауданында, Шолаққарғалы ауылдық округінде, «Ұзын Қарғалы» кен орнында орналасқан ұсақтау-сұрыптау қондырғысы бар Карьер нысаны бойынша «рұқсат етілген шығарындылар нормативтері» жобасы бойынша жария талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Нысанның географиялық координаттары: 43.218882, 76.383965.

«Нұрлы Тас» ЖШС Алматы облысында, Жамбыл ауданында, Шолаққарғалы ауылдық округінде, «Ұзын Қарғалы» кен орнында орналасқан ұсақтау-сұрыптау қондырғысы бар Карьер нысаны бойынша «рұқсат етілген шығарындылар нормативтері» жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Қызметінің бастамашысы: «Нұрлы Тас» ЖШС (БСН 111140008965, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, Төле би көшесі № 3 үй, 20 пәтер, тел.+7 702 198 59 45).

Экологиялық құжаттаманы әзірлеуші: «Фирма «ПориКом» ЖШС (Алматы қаласы, 1 ы/а, 66 «Б» үй, т.е.б 3а, 5 кенсе, тел. +7 701 722 72 34).

Общественные слушания

ОО «Нурлы Тас» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту «Нормативов допустимых выбросов» по объекту: Карьер с дробильно-сортировочной установкой, расположенный в Шолаққарғалинском сельском округе Алматинской области Жамбылского района, месторождение «Узын Карғалы».

Географические координаты объекта: 43.218882, 76.383965.

Инициатор деятельности: ОО «Нурлы Тас» (БИН 111140008965, Алматинская область, Қарасайский район, город Каскелен, улица Толе би, дом 3, кв. 20, тел. +7 702 198 59 45).

Разработчик проектной документации: ОО «Фирма «ПориКом» (г. Алматы, мкр. 1, дом 66 Б, н.п.3а, офис 5, тел. +7 701 722 72 34).

Документация по проекту размещена на информационной системе «Национальный

банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» по ссылке: <https://ndbecology.gov.kz>, а также на сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области по ссылке: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat>. Замечания и предложения принимаются на сайте ndbecology.gov.kz, а также по эл. почте МИО priroda_alm@bk.ru.

Слушания состоятся 05.12.2025г. в 11:00ч. на территории акимата Шолаққарғалинского сельского округа по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, Шолаққарғалинский сельский округ, с.Умбеталы, ул.Мусабаева, 52.

Ссылка на видеоконференцию по платформе ZOOM: <https://us05web.zoom.us/j/4109708161?pwd=R2VIM0NubkdjVlhvalI3eGI2S-DhrZz09&omn=82078206330>

Идентификатор конференции: 410 970 8161
Код доступа: 123456.

Общественные слушания

ОО «KAZSTAR Construction Company» сообщает, что с 04 ноября 2025 года в течение 5 рабочих дней на Едином экологическом портале (<https://ndbecology.gov.kz/>) будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту: «Строительство автозаправочной станции по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, Узынагашский сельский округ, село Узынагаш, улица Карасай Батыр, земельный участок № 4 «Н».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале и предоставить замечания и предложения.

• Газет – 2017 жылғы қарашаның 9-да Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі, байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке алу туралы № 16738-Г Күәлігі берілген.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 040600, Ұзынағаш ауылы, Мақатаев көшесі, 164 «А» үй. Телефондар: бас редактор – 2-44-28, 2-44-29, жалпы бөлім – 2-44-25, есепші – 2-44-27, факс-8 (72770) 2-44-28
Электрондық пошталары: Atameken1932@bk.ru
• Осы шығарылымның таралымы – 7000 дана. Тапсырыс – 43 (2340)
• Индексі – 65264. Көлемі – 2 баспа табақ.
• Газет аптасына бір рет, сенбі күні шығады.
• Суреттердің сапасына редакция жауапты.
• Жарнама, хабарландыру берушілер оның мазмұны мен мәтіні үшін өздері жауапты.

• Газетке жарияланған кейбір суреттер мен мәліметтер интернет жүйесінен алынды.
• Газетте жарияланған мақалаларды редакцияның жазбаша рұқсатынсыз жазуға болмайды.
• Автордың пікірі – редакцияның түпкілікті көзқарасы емес.
• Газет редакцияда компьютермен теріліп, «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында офсеттік тәсілмен басылады.

Тел: 378-42-00, факс: 378-36-76.
Алматы қаласы, Сәбит Мұқанов көшесі, 223 «Б».

«ЖАМБЫЛ АТАМЕКЕН» ЖШС

Директор
Айнабекова М.Б.

Бас редактор
Әйгерім ӘБУ

Дизайнерлер
Мадина Тоқтасынова
Айнұр Қойкелова